

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.Е.ЕСЕНОВ атындағы КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР және
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

"ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ" ИНСТИТУТЫ

"ЭКОНОМИКА" КАФЕДРАСЫ

ТАСКАРАЕВА М.Б.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕМЕС МАМАНДЫҚТАРДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ
АРНАЛҒАН
"ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ НЕГІЗДЕРІ " КУРСЫН ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Ақтау 2011 жыл

ОӘБ 65.01 72

К 78

Құрастырушы: Тасқараева М.Б.

Экономикалық емес мамандықтардағы студенттерге арналған "Экономикалық теория негіздері" курсының оқыту бойынша әдістемелік нұсқау – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011ж, 71 бет

Рецензент: э.ғ.к. Саубетова Б.С.

Әдістемелік нұсқауда курс бағдарламасы, негізгі түсініктер және анықтамалар, талқылау сұрақтары, тест сұрақтарының қоры келтірілген.

Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің оқу әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

Алғы сөз

"Экономикалық теория негіздері" курсының оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулар нарықтағы экономикалық құбылыстарды зерттеуде, оқытуда экономикалық емес мамандықтағы студенттер үшін көмек ретінде ұсынылған.

Елде іске асып жатқан экономикалық өзгерістер, нарықтық экономика заңдарын білетін мамандарды дайындау процесін сапалық жағынан жаңартуды талап етеді. Экономикалық теория негіздері курсы барлық экономикалық пәндердің негізі болып табылады, әр түрлі мамандықтарды даярлауда жүргізілетін пән. Осы ғылым студенттердің экономиканың жүйе ретінде түсінігін қалыптастыруға, экономикалық дамудың негізгі түсініктерін, категорияларын, заңдар мен заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Өз бетінше ойланып, шешім қабылдайтын мамандарды экономикалық тұрғыдан тәрбиелеуге мүмкіндік береді. «Экономикалық теория негіздері» курсының оқыту мақсаты шектеулі ресурстар кезінде қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған материалдық игіліктерді өндіруге, бөлуде, айырбастауда және тұтытуда адамдар тәртібі жөнінде білімдерді студенттерде қалыптастыру болып табылады және халықаралық экономикалық қатынастар мәселелері бойынша толық мағлұмат алып, қазіргі таңда экономикамызда туындаған проблемаларды өздігінше талдауға үйрету.

Сондай-ақ, халықаралық экономикалық қатынастардың нысандарын, әлемдік экономиканың қазіргі күнгі даму проблемаларын талдай білу қажет және алынған білімдерін ҚР-ның сыртқы экономикалық қызмет жағдайларына байланысты қолдана білулері қажет.

Берілген пәнді оқытудың негізгі міндеті студенттерге қазіргі экономикалық талдаудың негізгі принциптерін интенсивті түрде үйрету. Экономикалық теорияда заңдар талдаудың екі деңгейіне негізделген: микроэкономикалық және макроэкономикалық, осының негізінде экономикалық жүйенің компоненттері қарастырылады.

Тақырып 1 Экономикалық теория пәні және әдістері

Экономикалық теория, саяси экономия және экономикс ұғымдарының өзара байланысы. Экономикалық теория курсының логикасы және құрылымы. Негізгі экономикалық ұғымдыр: қажеттілік, экономикалық игілік, ресурстардың тапшылығы, экономикалық таңдау, альтернативті шығындар, өндірістік мүмкіндіктер қисығы, экономиканың негізгі проблемалары. Экономикалық теорияның зерттеу- талдау әдістері: формалды логика, материалистік диалектика, экономикалық үлгі-модельдер және тәжірибе. Экономикалық категориялар және заңдар. Позитивті және нормативті экономика. Экономикалық теорияның қызметтері: тәжирибелік, теориялық, методологиялық және т.б. Экономикалық теория және экономикалық саясат.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Әлемде сан алуан халықтар еңбек етіп, қоғамдық өндіріс, өзара байланыс, айырбас жүргізіп, түрліше табиғи жағдайда өмір сүріп келеді. Тарихтағы тұңғыш экономикалық ой-пікірлір өз бастауын ежелден алады. Ежелгі дүниедегі экономикалық кейбір құбылыстар мен процестер Египет, Қытай, Үндістан, Греция (Ксенофонт, Аристотель, Платон) еңбектерінде қарастырылған. «Экономия» терминін алғаш рет ұсынған ежелгі грек ойшылы Ксенофонт. Аударғанда «экономия» термині «ойкос»-үй шаруашылығы, «номос»- заң, яғни үй шаруашылығын жүргізу туралы ғылым. Ал Аристотель шаруашылық қызметтің екі түрін ажыратады: экономия және хрематистика. Көп уақыт бойы «экономия», «ойкономия» термині үй шаруашылығын жүргізуді ұйымдастырудың ережелері мен тәртібін қамтыған болса, одан кейін мемлекеттердің бірігуі, феодалдық қауымның құлдырауы тек үй шаруашылығын жүргізу ережелерін емес, сонымен қатар жалпы ұлттық мемлекеттік шаруашылықты жүргізу ережелерін анықтауды талап етті. Осыған байланысты экономия түсінігі жаңа мәнге ие болады. Енді ол саяси экономия деген мағынаға ие болады. Яғни грек тілінен аударғанда «полис»-мемлекет, «ойкос»-үй шаруашылығы, «номос»-заң. «Саяси экономия» терминін алғаш рет енгізген А.Монкретьен. 1615 жылы «Саяси экономия трактаты» еңбегінде мемлекеттік шаруашылықты жүргізу туралы ойлары жазылған. Осылайша, саяси экономия мемлекеттің жалпы ұлттық шаруашылығын жүргізу заңдарын қарастыратын ғылым. Экономикалық теорияның даму кезеңдеріне келетін болсақ, алғашқы дамыған бағыттардың бірі- **меркантилизм мектебі** (итальян тілінен аударғанда «мерканте»- саудагер, купец деген мағынаны білдіреді). Экономикалық теорияның даму барысында оның пәніне әр түрлі анықтамалар берілген. Бұл бағыт өкілдерінің ойы бойынша қоғам байлығы тек саудада (ақша, алтын қоры). Меркантилистер мектебі өкілдерінің негізгі ойы ел байлығы – елге ақшаның келуі және сыртқы саудамен байланысты болды. Сондықтан олар сауданы кенейту үшін елдегі алтын қорын молайту керек деген пікірлір білдірді. Одан кейін пайда болған- **физиократтар мектебі** («физиократия» грек тілінен аударғанда – табиғат, ауыл шаруашылығы деген мағынаны білдіреді). Бұл бағыт өкілдерінің пікірі бойынша байлықтың негізгі

көзі өндіріс, бірақ олар өндірістің бір саласы ауыл шаруашылығын атап көрсеткен.

Классикалық саяси экономия бағытының өкілдері А.Смит, Д. Рикардо, У.Петти. Олардың ойы бойынша қоғам байлығы материалды өндіріс, яғни өндірістің барлық салалары. А.Смит еңбектерінде құнның еңбек теориясын қарастырып, еңбек өнімділігінің ролін арттырды, табыстар туралы ілім қозғады. Классикалық саяси экономия негізінде **маркстік бағыт** пайда болды. Бұл теория негізі- қосымша құн теориясы, қоғамның экономикалық құбылыстарын талдауда топтық көзқарас қолданылды.

Экономикалық ойдың қазіргі бағыттарының бірі **неоклассикалық бағыт**, оның өкілдері тепе-тендік және құн теориясының субъективті жағын қарастырды. **Маржинализм** бағыты (К.Менгер, У.Джевонс) экономикалық категорияларды зерттеуде шекті өлшемдер қолданды. **Кейнс мектебі** – реттелетін экономика теориясын ұсынған, яғни мемлекеттің экономикаға араласуын қолдаған. **Институционализм** (Т.Веблен, У.Митчелл, Д.Гэлбрейт) – экономикалық даму экономикалық институттар жүйесімен анықталады, мұнда экономикалық институт құрамына нарық кіреді.

Экономикалық теория ресурстардың шектеулі жағдайында адам қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету үшін, олардың арасындағы өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну процестерінде пайда болатын экономикалық қатынастарды зерттейді.

Экономикалық теория үш негізгі қызмет: танымдық, методологиялық және практикалық қызметтерді атқарады.

Танымдық қызмет экономикалық процестер мен қызметтерді түсіндіру және зерттеу негізінде көрінеді. Методологиялық қызметі оның басқа экономикалық ғылымдар жүйесіндегі орнымен анықталады. Практикалық қызметі шаруашылықты тиімді жүргізу әдістері мен принциптерін дайындаумен байланысты.

Экономикалық құбылыстардың арасындағы тұрақты және үнемі қайталанып отыратын, сөйтіп сол құбылыстардың ішкі мәнін сипаттайтын қатынас экономикалық заңдар деп аталады

Экономикалық теорияның алдына қоятын мақсаты – экономикалық заңдарды ашу, олардың әрекет ету механизмін зерттеу және практикалық қызметте пайдалану жолдарын анықтау.

Методология – ғылыми танудың нысаны, әдісі, ұйымдастыру принциптері туралы ілім.

Экономикалық процестерді зерттеуде ең бірінші диалектикалық әдіс қолданылады. Бұл әдіске сәйкесбарлық экономикалық процестер бір-біріне дәуелді қайшылықты түрде дамиды, ұдайы қозғалыста болады. Ғылыми танудың нысандары мен әдістері көп. Солардың ішінде экономикалық зерттеудің маңызды әдісі- ғылыми абстракция. Ғылыми абстракция әдісі деп – зерттеліп отырған процестердің жеке, кездейсоқ, қысқа мерзімді, дара құбылыстарынан тазартып, оның тұрақты, әрдайым қайталанатын мәнін, маңызды жақтарын ашуды айтамыз.

Талдау және синтез мұнда зерттелетін құбылыс өзінің құрамды бөліктері мен жеке жақтарына ажыратылады, содан кейін тектес бөліктерді зерттеп болған соң, оларды біртұтас құбылыс ретінде қарастырады.

Индукция және дедукция. **Индукция** жеке оқиғалардан, құбылыстардан логика арқылы жалпы қағидалар, принциптер шығарылады. **Дедукцияда** керісінше, жалпы қағидалар негізінде экономикалық процестердің, объектілердің кейбір жеке алынған ерекшеліктері сипатталады.

Тарихи және логикалық тану әдісі. **Тарихи әдіс** – экономикалық қатынастар құрылымының тарихи даму процесіндегі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. **Логикалық тану әдісі** экономикалық процестер мен құбылыстарды зерттеу барысында тарихи дамудың кездейсоқ факторларының ықпалы ескеріледі, экономикалық жүйенің жеке элементтерінің дәйекті пайда болуы мен дамуын және ішкі құрылымын анықтауға көмектеседі.

Экономикалық зерттеулердің тағы да басқа әдістері бар. Олар мыналар: экономикалық-математикалық моделі, сан және сапа анализі және т.б.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Экономикалық адамның рационалды тәртібінің әр түрлі модельдері.
2. Қоғамдық өндіріс, оның құрылымы және нәтижелері.
3. Ұдайы өндіріс: фазалары, түрлері, типтері.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1 Аталған анықтамалардың қайсысы экономикалық теория пәніне қатысты емес?

- A) қажеттіліктерді қанағаттандыру
- B) ресурстарды оңтайлы пайдалану
- C) шаруашылық субъектілер тәртібі
- D) шексіз экономикалық ресурстар
- E) ұлт байлығы

2 Фирма мақсаттары және пайданы максимизациялау проблемалары қайда қарастырылады?

- A) микроэкономикада
- B) макроэкономикада
- C) дүниежүзілік экономикада
- D) менеджметте
- E) маркетингте

3 Меркантилизм ілімі ұлт байлығының өсуін немен байланыстырған?

- A) елге алтынның келуімен
- B) елден алтынның шығуымен
- C) импорттың өсуімен
- D) экспорттың өсуімен
- E) өндірістің өсуімен

4 «Табиғи зерттеу және халықтар байлығының себептері» еңбегінің авторы кім?

- A) А. Маршалл
- B) К. Маркс
- C) А. Смит
- D) Д. Рикардо
- E) Дж. Кейнс

5 «Жұмысбастылықтың, проценттің және ақшаның жалпы теориясы» еңбегінің авторы кім?

- A) Дж. Кейнс
- B) Д. Миль
- C) К. Маркс
- D) Д. Рикардо
- E) А. Маршалл

6 Монетаристтердің қазіргі мектебі қайсы бағытқа жатады?

- A) экономикалық теорияның неоклассикалық бағыты
- B) экономикалық ой – пікірдің кейнсиандық бағыты
- C) экономикалық ой – пікірдің неокейнсиандық бағыты
- D) экономикалық ой – пікірдің институционалды – социологиялық бағыты
- E) классикалық экономикалық теорияға

7 Еркін нарықтық қатынастырдың қажеттілігін және экономикаға мемлекеттің араласуын шектеуді қарастырған кімдер?

- A) неоклассиктер
- B) неокейнсиандықтар
- C) кейнсиандықтар
- D) институционалистер
- E) классиктер

8 Физиократтар мектебінің атауы қай ресурспен байланысты?

- A) материалды ресурстар
- B) қаржы ресурстары
- C) табиғи ресурстар
- D) еңбек ресурстары
- E) интеллектуалды ресурстар

9 Егер ғалым сұраныс пен ұсыныстың тепе - теңдігін салада қарастыратын болса, онда оның талдауы:

- A) позитивті
- B) нормативті
- C) микроэкономикалық
- D) макроэкономикалық
- E) А және В жауаптары дұрыс

10 Егер бүкіл ұлттық экономиканың кризисі қарастырылса, онда бұл талдау:

- A) позитивті
- B) нормативті
- C) микроэкономикалық
- D) макроэкономикалық

Е) ситуациялық

Тақырып 2 Қоғамдық өндірістің негіздері

Экономика және адам. Адамның экономикалық қызметтері және іс-әрекеттері. Экономикалық мүдделер және экономикалық іс-әрекеттің басқа да ішкі себептері. Экономикалық адамның оңтайлы іс-әрекеттерінің үлгі-модельдері. Экономикалық қорлар (ресурстар) және өндіріс жағдайлары (факторлары). Ресурстардың шектеулі болуы, оларды қайталай өндіру және бірін-бірі толықтыру мүмкіншіліктері. Табиғи қорлар: жер, еңбек, капитал, кәсіпкерлік қабілет өндіріс факторлары ретінде. Қоғамдық өндірістің құрылымы. Материалдық және материалдық емес өндіріс. Қоғамдық өндірістің нәтижелері: заттар, қызметтер, байлық. Өндіріс және ұдайы өндіріс. Өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну. Жай және ұлғаймалы ұдайы өндіріс. Экономикалық игіліктердің ұдайы айналымы және экономикалық тұлғалардың өзара іс-әрекеттері.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Әрбір қоғамда адам қажеттіліктері шектеусіз, ал оларды қанағаттандыратын экономикалық игіліктер немесе ресурстар шектеулі. Экономикалық теория ғылымы шектеусіз адам қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үшін шектеулі ресурстарды қалай орналастырып жеткізу керектігін зерттейтін ғылым. Экономикалық теорияда қарастырылатын, зерттелетін құбылыстар мәні экономикалық категориялар мен экономикалық заңдар арқылы бейнеленеді. Экономикалық категориялар- экономикалық құбылыстардың мәнді жақтарын көрсететін түсініктер. Экономикалық заң- экономикалық құбылыстар арасындағы қайталанатын үздіксіз байланыс.

Қоғамдық өндірістің алғы нысаны натуралды шаруашылық. Натуралды шаруашылықта еңбек өнімдері өндірушілердің өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға және тұтынуға тікелей бөлу арқылы түсіп отырады.

Өндірістің натуралды формасы бүкіл экономикалық процестерді қатты тежейді, сыртқы байланыстарға жол бермейді, сондай-ақ натуралды шаруашылық тұйық, тұрақты, әрі өсуі өте баяу процесс. Бұл қазіргі дүниеде де сақталып отыр, әсіресе дамушы елдерде орын алуда.

Жалпы алғанда, натуралды шаруашылық тауарлы шаруашылықпен қатар дамыды. Натуралды шаруашылыққа қарағанда тауарлы шаруашылық анағұрлым күрделі және натуралды шаруашылыққа түп-тура қарама-қарсы. Тауар өндірісі деп отырғанымыз, қоғамдық өндірісті ұйымдастырудың белгілі бір формасы ретінде, адамдардың экономикалық қатынастары нарық арқылы, еңбек өнімдерін сатып алу-сату арқылы көрінетін процесс. Тауарлы өндіріс дегеніміз өнімді өндірушінің тікелей өзі тұтыну үшін емес, нарыққа шығарып сат үшін өндіретін өндірісті айтамыз.

Өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікке негізделген тауарлы шаруашылықтың даму сипаты- нарықтың дамуына байланысты.

Нарықтың мынадай үлгілерін атап өтуге болады, олар: дамымаған, дамыған, реттелетін, деформацияланған. Әр нарық үлгісіне тауарлы шаруашылықтың ерекше үлгісі сәйкес келеді: дамымаған тауарлы шаруашылығы, дамыған нарықтың тауарлы шаруашылығы, реттелетін нарықтың тауарлы шаруашылығы, деформацияланған нарықтың тауарлы шаруашылығы.

I. Дамымаған нарықтың тауарлы шаруашылығында тауар өндірушілер өз меншігіндегі өндіріс құрал-жабдығымен өзі еңбек етеді, өндірілген өнімдер өндірушілердің иелігінде болады, тауар өндірушілер өндірген тауардың бәрін сатпайды, тек бір бөлігін ғана сатады, яғни тауар шаруашылығы жалпылама сипат алмайды.

II. Дамыған нарықтың тауарлы шаруашылығы жалпылама сипат алады, оған келесі құбылыстар тән:

- адамның жұмыс күшінің тауарға айналып кетуі;
- өндірісте жалдамалы жұмысшылардың еңбек етуі;
- өндірілген өнімнің басым бөлігінің нарық арқылы сатуға арналуы.

Бұл кезеңдегі тауарлы шаруашылықтың еркін бәсекенің дамуымен сипатталатындықтан, оны еркін бәсеке дәуірінің капитализмі немесе «еркін экономика» деп атайды.

III. Реттелетін нарықтың тауарлы шаруашылығы экономикада мемлекеттік және жеке сектордың болуымен сипатталады. Мемлекеттік реттеудің басты формаларына заң шығару, салықтық және қаржылық формалары жатады. Реттелетін нарықтың тауарлы шаруашылығының бірнеше модельдері бар:

- әлеуметтік нарықтық шаруашылық;
- аралас экономика;
- корпоративтік экономика.

IV. Деформацияланған нарықтың тауарлы шаруашылығы әкімшіл-әміршіл экономикаға тән. Тауарлы шаруашылықтың бұл моделі қоғамдық еңбек бөлінісін, машиналы өндірісті, ұлттық экономиканы ұдайы реттеуді, еркін нарықтық қатыстарды басып тастау құбылыстарымен сипатталады.

Тауарлы шаруашылықтың даму кезеңдеріне жасалған қысқаша шолу тауарлы шаруашылық пен нарықтық экономика арасында абсолюттік теңдіктің жоқ екендігі жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Нарықтық экономиканың негізгі тауарлы шаруашылық екендігі даусыз.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Экономикалық қажеттіліктер түрлері, олардың өндіріспен өзара байланысы.
2. Экономикалық ресурстар және олардың шаруашылық процестегі ролі.
3. Қоғамның өндірістік мүмкіндіктері.
4. Қоғамдық өндіріс және оның құрылымы.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1 Өндірістің негізгі мақсаты:

- A) максимальды пайда табу
- B) қажеттіліктерді қанағаттандыру
- C) өнім өндіру көлемін арттыру
- D) шығындарды көбейту
- E) шығындарды азайту

2 Маркстік экономикалық теория өндірісті қалай сипаттайды?

- A) жер, капитал, еңбек
- B) қаржылық және өндірістік капитал, еңбек
- C) өндірістің заттық және жеке факторлары
- D) өндіріс құралдары және адам
- E) C және D жауаптары дұрыс

3 Экономикалық теориядағы табиғи ресурстарға қайсысы жатпайды?

- A) ауылшаруашылық жерлері
- B) пайдалы қазбалар кен орындары
- C) минералды шикізат
- D) әлемдік мұхит
- E) орман массивтері

4 Экономикалық ресурстардың ортақ қасиеті:

- A) шектеулі саны
- B) пайдалылық
- C) құндылық
- D) барлық жауап дұрыс
- E) A және B жауаптары дұрыс

5 Өндірістік мүмкіндіктер қисығындағы әрбір нүкте нені көрсетеді?

- A) ресурстар шығындарының әрбір варианттарында екі өнімнің максимальды мүмкін өндіріс көлемі
- B) берілген ресурстарда екі өнімнің максимальды мүмкін өндіріс көлемі
- C) берілген ресурстарда әрбір өнімдердің максимальды мүмкін өндіріс көлемі
- D) берілген ресурстарда екі өнімнің минимальды мүмкін көлемі
- E) берілген ресурстарда әрбір өнімдердің минимальды мүмкін көлемі

6 Өндірістік мүмкіндіктер қисығының ішіндегі нүкте нені сипаттайды?

- A) қоғам ресурстары тиімсіз қолданылады
- B) берілген тауар өндірісіне ресурстар жеткіліксіз
- C) ресурстар рационалды қолданылады
- D) ресурстардың біреуі толық көлемде қолданылмайды
- E) қоғам ресурстары азаяды

7 Өндірістік мүмкіндіктер қисығы немен сипатталады?

- A) ресурстардың шектеулілігі
- B) тиімділіктің төмендеуі
- C) альтернативті шығындардың болуы
- D) тиімділіктің жоғарылауы
- E) ресурстардың көп болуы

8 Ұдайы өндіріс процесі нені қамтиды?

- A) тауарлар және қызметтер өндірісі
- B) игіліктерді бөлістіру
- C) игіліктермен алмасу
- D) игіліктерді тұтыну
- E) барлық варианттар

9 Кеңейтілген ұдайы өндіріс нені қамтымайды?

- A) өндірістің өсуі
- B) жинақтау нормасының өсуі
- C) жинақтау нормасының азаюы
- D) тұтынудың ұлғаюы
- E) өндіріс технологиясының жетілуі

10 Өндіріс тиімділігі немен анықталады?

- A) еңбек өнімділігі
- B) пайда
- C) нәтиже және шығындардың қатынасы
- D) өндіріс көлемі
- E) тұтыну

Тақырып 3 Меншік қатынастары. Тауарлы өндіріс

Қоғамдық өндіріс нышандары ұғымының сипаттамасы. Қоғамдық шаруашылықтың негізгі нышандары: натуралды шаруашылық және тауарлы өндіріс. Тауарлы шаруашылық: мәні, пайда болу жағдайлары мен себептері. Еркін бәсекелік тауар шаруашылығы және ұйымдастырылған нарық. Тауар айырбасы. Еңбек құн теориясы тауардың қасиеттері туралы. Құн заңы. Меншіктің экономикалық және құқықтық мазмұны. Иемдену және меншіктен айыру қатынастары. Меншік объектілері мен субъектілері. Меншік нысандары. Меншік нысандарының көп түрлі болуының объективтік қажеттіліктері мен себептері. Қазақстан Республикасында меншік қатынастарын қайта құру. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру: кезендері, формалары, әдістері, проблемалары.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Қоғам өмірінде меншікке байланысты қатынастар әрқашан маңызды рөл атқарған. Меншік зат емес және зат пен жеке адамдар арасындағы қатынаста емес, ол сол заттарды иемдену процесінде адамдар арасында туындайтын қатынас болып табылады: Яғни, меншік экономикалық категория ретінде – материалдық игіліктерді, өндіріс құрал-жабдықтарын және өндіріс нәтижесін иемденуге байланысты адамдар арасындағы өндірістік қатынастарды білдіреді.

Иемдену - әрбір қоғамдық өндіріс әдісінің негізі болып табылады. «Меншік» пен «иемдену» түсініктерін теңестіруге болмайды. «Меншік» анағұрлым абстрактілі, ал «иемдену» нақты ұғым.

Иемдену – бұл нақты қоғамдық затты иелену әдісі. Иемдену әрдайым белгілі бір тұлғаның мүддесіне қарай жүзеге асады. Меншік иемденудің белгілі бір әлеуметтік түрі. Ол өндіріс құрал- жабдықтары кімнің билігінде екендігін, қалай бөлінетіндігін, қандай мақсатқа пайдаланылатындығын көрсетеді. Меншіктің объектісін (не иемделеді) және субъектісін (кім иемденеді) айыра білу керек. Меншіктің объектісін қоғам байлығының материалдық- заттық элементтері жатады немесе өндіріс құрал- жабдықтары мен өндіріс нәтижесі. Ал субъектісіне мемлекет, коллектив (ұжым) және жеке адамдар жатады. Меншік субъектілерінің көпшілігі өндіріс құрал- жабдықтарын иелену, билік ету, пайдалану туралы құқық қатынастарының пайда болуын және әрекет етуінің алғы шарты болып табылады. **Билік ету** – мүлікті меншік иесінен алу. **Пайдалану**- меншік объектісінің пайдалылығын алуға бағытталған қатынастар.

Меншіктің формалары:

- мемлекеттік;
- ұжымдық ;
- жеке меншік.

Мемлекеттік меншік сферасына елдің әлеуметтік тұрақтылығын және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін халық шаруашылығының кейбір объектілері жатады. **Ұжымдық меншік** – ұжымның өндіріс құрал-жабдықтары мен өндіріс нәтижесін ортақ иемдену, билік ету және пайдалану процестерінде пайда болатын экономикалық қатынастар жүйесін сипаттайды. Қазақстанда қазіргі кезде ұжымдық меншік түріне акционерлік, кооперативтік және т.б. меншік формалары жатады. 1991 жылы маусымда «Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру» туралы заң қабылданды. Бұл заң мемлекеттік меншікті қайта құру ережелерін, тәртібін және құқықтық негізін анықтады. Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу деп мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылығын басқару қызметін тікелей шаруашылық субъектілеріне беру негізінде қайта құруды айтамыз. **Жекешелендіру** – бұл мемлекеттен жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік меншіктің объектілерін немесе акционерлік қоғамдардың акцияларын ақыға немесе тегін жеке меншікке беру. Жекешелендіру мемлекеттің экономикадағы билігін шектеу болып табылады.

Жекешелендіру дүние жүзі экономикасына тән процесс. Оның негізгі мақсаты:

1. бюджет тапшылығын кеміту;
2. ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы жекешелендіру процесін бастады. Процесс төрт кезенді қамтыды:

1-кезең 1991-1992 жылдар аралығын қамтыды. Мақсаты: жеке меншік иелерінен тарап құру; бәсекелестік ортасын жасау; шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту; т.б.

2-кезең 1993-1995 жылдар. Бағдарлама мақсаты – орталықтан -жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға қажетті жағдайлар жасаудың және мемлекеттің иелігіндегі өндірістік объектілерді , басқа да материалдықжәне

материалдық емес активтерді ақылы немесе ақысыз негізінде республика халқына қайтаруды көздеген.

3-кезең 1996-1998 жж. Бағдарламаның негізгі бағыты:

- жеке инвесторларға келісілген шарттар негізінде сатуды;
- аукцион және конкурс негізінде сатуды;
- басқару туралы келісім-шарт жасауды;
- акцияларды ашық түрде сатуды көздеді.

4-кезең 1999-2000 жылдар аралығын қамтыды. Мақсаты – жекешелендіру мен мемлекеттік мүлікті басқарудың құқықтық негіздерін жетілдіру, есепке алуды жақсарту, басқару тиімділігін арттыру және мемлекеттік мүлікті конкурстық негізде жекешелендіруді қамтамасыз ету болды.

Өткен тарихымыз көрсетіп отырғандай, өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктен мемлекет иелігінен алу (ұлттандыру) процестері айтарлықтай оң нәтиже бермеді. Өндірушілер өндіріс құрал-жабдықтарына иелік етудің орнына олар алшақтанып қалды. Соның салдарынан өндіріс ресурстарын тиіміз пайдалануы, тауар өндірісі монополиялануы, өндірушілердің тұтынушыларға үстемдігінің өсуі, алыпсатарлық, арқа сүйеушілік, арамтамақтық орын алады.

Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу деп мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылығын басқару қызметін тікелей шаруашылық субъектілеріне беру негізінде қайта құруды айтамыз.

Жекешелендіру- бұл мемлекеттен жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік меншіктің объектілерін немесе акционерлік қоғамдардың акцияларын ақыға немесе тегін жеке меншікке беру. Жекешелендіру мемлекеттің экономикада билігін шектеу болып табылады.

Бағдарламаның негізгі мақсаты- орталықтанған- жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға қажетті жағдайлар жасаудың және мемлекеттің иелігіндегі өндірістік объектілерді, басқа да материалдық және материалдық емес активтерді ақылы немесе ақысыз негізінде республика халқына қайтаруды көздеген.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесі негізгі міндеттерді орындау көзделген:

- мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу арқылы нарыққа бағытталған шаруашылық құрылымдарын қалыптастыру, мемлекет меншігінің шағын объектілерін жекешелендіруді, қалың бұқара топтарының жекешелендіру процестеріне қатысуларына жағдай жасайды;
- тиімді шаруашылық субъектілері ретінде жеке меншік иелері қалыптастыруды;
- шағын және орта бизнесті дамытуды және т.б.

Бағдарламада мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің келесі негізгі бағыттары анықталған:

- ірі және бірегей мүлік кешендерін жеке жобалар бойынша жекешелендіру;

- жұмысшылар саны 200-ден 5000-ға дейін жететін орташа кәсіпорындардың көпшілігін инвестициялық жекешелендіру купондары арқылы жаппай жекешелендіру;
- 200-ге жуық жұмысшылар бар кәсіпорындарды, тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамқтандыру, коммуналдық шаруашылық, бөлшек сауда шағын кәсіпорындарын жекешелендіру;
- Ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындарды жекешелендіру.

1996 жылы ақпан айында Қазақстан Республикасындағы 1996-1998 жылдарға арналған жекешелендіру туралы III бағдарлама қабылданды. Жаңа бағдарламаны жүзеге асыру мына шараларды өткізуді көздеді:

- Жартылай жекешелендірілген кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетін, сондай-ақ, шағын жекешелендіру шеңберінде II кезеңде сатылмай қалған объектілерді жекешелендіруді (ақшаға сату арқылы) аяқтау;
- Жеке жоболар бойынша мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруді жүзеге асыру;
- Бұрын жекешелендірілмеген кәсіпорындарды жекешелендіру процесіне енгізу;
- Экономиканың кейбір секторларын жекешелендіру жоспарларын жасау және жүзеге асыру жолдарын қарастыру;
- Шетел капиталының қатысуын ұлғайтуды.

Жаңа бағдарламаның негізгі бағыты жеке жоба арқылы жекешелендіру:

- Жеке инвесторларға келісілген шарттар негізінде сатуды;
- Аукцион және конкурс негізінде сатуды;
- Басқару туралы келісім-шарт жасауды;
- Акцияларды ашық түрде сатуды көздеді.

Тауарды өндіру алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен бастап бүгінге дейін әрекет етіп келеді. Шаруашылықты ұйымдастырудың қарапайым формасы жағдайында байлықтың табиғи формасы ретінде натуралды өнім болды. Ол, біріншіден, тұтыну құндылығымен, екіншіден, еңбектің нәтижесі ретінде сипатталды.

Өнімнің тұтыну құндылығы- бұл заттың пайдалығы, яғни адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру қасиеті. Тауар өндірісі жағдайында еңбек өнімі жана ерекше қасиетке ие болады, ол тауарға айналады. Бұл өнім енді өндірушілер үшін емес, басқа адамдар үшін құнды болады, яғни, қоғамдық қасиетке ие болады.

Тұтыну құндылықтың қоғамдық өлшемі сұраныс мөлшері болып табылады. Өнімді өндіру ұсыныс көлемін анықтайды. Егер ұсыныс сұранысты қанағаттандырса, онда заттар қоғамдық тұтыну құндылығына ие болады деп есептеуге болады.

Тауар бұл- қоғамдық құндылығы және басқа тауарға айырбастау үшін өндірілген еңбек өнімі. Заттар немесе өнімдер өзімен-өзі тауар бола алмайды, тауар болу үшін олар адамдар арасындағы айырбас объектісіне

айналуы тиіс. Сол себептен тауарда еңбек өнімдерін айырбастауға байланысты адамдар арасындағы қатынастар көрініс алады. Тауар айырбасы әртүрлі формаларға ие болуы мүмкін, бірақ барлық жағдайда айырбас- бұл заттың басқа заттарға айырбасталу процесі болып табылады. Осы себептен нарықта ғана тауар басқа тауарға айырбасталғанда айырбас құнына ие болады. Яғни, айырбас құны бір заттың басқа пайдалы затқа белгілі бір пропорцияда айырбасталу қасиеті. Белгілі бір мөлшердегі бір тауарды екінші тауарға теңестіріп тұрған нәрсе, ол екіуіне де еңбек жұмсалған.

Тауарға жұмсалған еңбек ол тауардың құны болып табылады. Құн бұл- сол тауарды өндіруіне кеткен еңбек, ал тауардың айырбас құны, яғни бір тауардың екінші тауарға айырбасталатын белгілі бір пропорциясы. Құн және айырбас құны бірдей емес ұғымдар. Біріншісі тауардың ішкі қасиеттерін білдірсе, ал екіншісі, құнның сыртқы көрінісін сипаттайды. Тауардың екі нақты қасиеті тұтыну құндылығы және құны бір-біріне ауысып отырады, тауардың тұтыну құнының өзгеруі ертеме, кешпе тауардың құнын өзгертеді немесе керісінше тауардың құнының өзгеруі оның тұтыну құнының өзгеруіне әкеліп соғады.

Тауардың тұтыну құны нақты еңбекпен жасалады. Нақты еңбек- бұл адамның жұмыс күшінің ерекше пайдалы формада жұмсалуды. Нақты еңбек жаңа құн жасамайды, бірақ тауар өндіруге кеткен өндіріс құрал-жабдықтардың құндарын жаңа өндірілген өнімнің құнына ауысуына көмектеседі.

Тауардың тұтыну құны нақты еңбекпен жасалады. Нақты еңбек- бұл адамның жұмыс күшінің ерекше пайдалы формада жұмсалуды. Нақты еңбек жаңа құн жасамайды, бірақ тауар өндіруге жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтардың құндарын жаңа өндірілген өнімнің құнына ауысуына көмектеседі.

Тауар өндіру процесінде адамның еңбегінің нақты түрімен қатар, оның күш-қуаты жұмсалады. Адамның жалпы күш-қуатының жұмсалуды абстракты еңбек деп аталады. Абстракты еңбек тауардың құнын жасайды.

Әрбір тауардың құны белгілі бір мөлшерде, не аз, не көп болады, ал тауар құнының мөлшері оны өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшеріне және оны өңдеуге кеткен тауар өндірушінің уақытына сәйкес анықталады. Бірақта бір түрлі тауарды өндіру үшін әр тауар өндіруші әр түрлі мөлшерде уақыт жұмсайды. Тауардың құны еңбектің жеке жұмсалуды уақытымен белгіленеді. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты дегеніміз сол кезде көп тараған техникамен, еңбек интенсивтілігінің орташа деңгейі негізінде сол тауарлардың басым көпшілігін өндіруге кеткен уақыт.

Құнның мөлшеріне: еңбек өнімділігі, еңбек қарқындылығы, еңбектің күрделілігі ықпал етеді. Құн туралы ең бірінші ғылыми теория ретінде еңбек құн теориясы негіз болды. Оның негізін А.Смит және Д.Рикардо қалағанымен, К.Маркс бұл теорияны жете зерттеп марксистік экономикалық ілімнің қағидаларын жасады. Бірақ экономикалық теория және өмір дәлелдегендей еңбек құн теориясының кейбір қағидалары практика жүзінде дәлел таппады. Құн туралы марксистік теорияның ең бір маңызды

қателігі, К.Маркстің ең басында тауардың тұтыну құнын әрі қарай талдамауы, ол тауардың тұтыну құны саяси экономиканың пәніне жатпайды деп, тек тауардың құнының қозғалысын ғана зерттеді. Ғалымдардың К.Маркстан кейінгі буыны тауардың екінші жағынан тұтыну құнына баса назар аударды.

Нәтижесінде, басқа құн теориясы шекті пайдалық теориясы пайда болады.

Шекті пайдалықты дұрыс түсіну үшін пайдалалықтың нақты және абстракты түрлерін ажырата білу керек. Бұны келесі мысал арқылы көрсетуге болады. Су адам үшін аса қажетті өнім екендігін біз бәріміз білеміз және оның қандай қажеттіліктерді қанағаттандыраалатындығын, қандай пайдалылығы бар екендігін тағы да білеміз. Бұл оның абстракты пайдалығы. Бірақ оның нақты пайдалығы да бар. Егер судың бірінші шелегі адамның шөлін қандыру үшін керек болса, екінші- тамақ жасау үшін пайдаланса, үшінші- жуынуға, төртіншісі- малға берілсе, бесіншісі-бау-бақшаны суаруға жұмсалады. Осылардың қайсысы адамға аса құнды болады?Бәлкім, бірінші шелектегі су болар, ал келесілердің құндылығы біртіндеп кеміп отырады. Бұл жерде бірінші шелектегі су адамға аса құнды да, пайдалы да болады, қалғандарының пайдалығы біртіндеп азайып отырады. Заттың аса пайдалылығы оның құндылығын анықтайды.

Шекті пайдалылық теориясы мен еңбек құн теориясы шын мәнінде бір-біріне қарсы заңдар болғанымен, олар бір-біріне қарама-қайшылықта болмайды, яғни тауардың құндылығын субъективті және объективті жағынан бағалау болып табылады. Тауарды субъективті бағалау тауар шаруашылығының тұтынушылардың талаптарын көбірек ескеруге бағытталады, ал өндірістің мақсаты адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Меншіктің экономикалық және құқықтық мазмұны.
2. Мемлекет иелігінен алу және ҚР-дағы жекешелендіру.
3. Тауарлы және натуралды шаруашылық.
4. Еңбек құнының теориясы, құн заңы.
5. Ақшаның пайда болуы және функциялары.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

- 1 Мүлікті иелену мүмкіндігін қай сипаттама білдіреді?
- А) иелену
 - В) пайдалану
 - С) өз құқығында болуы
 - Д) иемдену
 - Е) беру
- 2 Мемлекет иелігінен алу дегеніміз не?
- А) меншік формасын ауыстыру

- В) ұлттандыру
- С) мемлекеттен экономикалық процестерді толық басқару функцияларын алып тастау
- Д) меншік формаларының көп түрлілігіне көшу
- Е) жеке меншікке көшу
- 3 Қай теория құнды жалпы пайдалылықпен байланыстырады?
- А) классикалық
- В) маркстік
- С) маржиналистік
- Д) сұраныс және ұсыныс теориясы
- Е) Кейнс теориясы
- 4 Маркстік теориядағы құн – бұл:
- А) қоғамдық қажет еңбек шығындары
- В) тауар өндірісіне капитал шығындары
- С) тауар пайдалылығы
- Д) барлық өндіріс факторларының шығындары
- Е) тауар бағасы
- 5 Қазіргі ақшалардың пайда болуы немен байланысты?
- А) алтынның өз құнын жоғалтумен
- В) банк жүйесінің дамуымен
- С) қағаз ақшалардың алтынға тез айналуымен
- Д) заңмен белгіленген курспен
- Е) ақшалардың еркін курсымен
- 6 Сату, сатып алу кезінде тауарлар мен қызметтерді төлеу ақшаның қай функциясын орындайды?
- А) төлем құралы
- В) айналым құралы
- С) құн өлшемі
- Д) жинақ құралы
- Е) әлемдік ақшалар
- 7 Жеке меншік және бәсекелестік еркіндігіне негізделетін , жеке мүдделерге сүйенетін және мемлекет рөлін шектейтін экономикалық құрылым түрі:
- А) дәстүрлі экономика
- В) әкімшілік-әміршілдік экономика
- С) нарықтық экономика
- Д) аралас экономика
- Е) дұрыс жауап жоқ
- 8 Тауарлы өндірістің соңғы категориясы:
- А) экономикалық ресурстар
- В) тауар
- С) экономикалық қажеттіліктер
- Д) экономикалық игіліктер
- Е) технология
- 9 Тауарлы өндірістің соңғы нәтижесі,сату, айырбастау, тұтыну үшін өндірілген еңбек өнімі:

- A) жұмыс
- B) енбек
- C) өндіріс
- D) тауар
- E) нарық

10 Бір тауардың екінші тауарға айырбасталу қасиеті қалай аталады?

- A) тұтыну құны
- B) айырбастау құны
- C) өндіру құны
- D) пайдалану құны
- E) барлық жауап дұрыс емес

Тақырып 4 Нарықтық шаруашылықтың жалпы сипаттамасы.Сұраныс және ұсыныс теориясының негіздері.

Тауар-ақша қатынастарының эволюциясы және нарықтың қалыптасып дамуы. Нарықтың мәні. Нарық мәнін дәлелдеп түсіндіретін негізгі теориялар. Нарық либералды экономикалық теория жүйесінде. Нарық туралы жаңа классикалық түсінік. Нарық қатынастар жүйесі ретінде. Нарық механизмінің негізгі элементтері: сұраныс, ұсыныс, баға, бәсеке. Сұраныс заңы, сұраныс икемділігі. Ұсыныс заңы, ұсыныс икемділігі. Әр түрлі белгілеріне сәйкес нарықтың түрлерін жіктеу. Нарықтың түрлері. Нарық инфрақұрылымы. Нарық қызметтері. Нарықтық экономиканың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Кез –келген қоғам, ең басты проблеманы – яғни, адамдардың әр түрлі қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін сирек кездесетін, шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану проблемасын үнемі шешіп отыру тиіс. Ол үшін қоғам экономиканың негізгі түш сұрағын: нені өндіру керек? Деген мәселелерді шешуі керек. Нені өндіру керек деген мәселені шешу үшін қандай тауарларды, қандай мөлшерде өндіру керектігін анықтап алу қажет. Сонымен қатар, қандай технологияны, шаруашылықты ұйымдастыруың қандай әдістерін, ресурстардың қай түрін пайдаланғанда ғана ең жоғары әлеуметтік және экономикалық тиімділікке жетуге болатындығын анықтау қажет. Сондай – ақ, қоғам өндірілген өнімдерді, табыстарды кімдердің мүдделері үшін және қалай бөлінетіндегін де ескеруі керек.

Міне, осы күрделі және көп жақты проблемаларды шешу барысында қоғам экономикалық өсуді, халықты толық жұмыспен қамтуды, баға тұрақтылығын, экономиканы еркіндікті, табыстарды әділдікпен бөлуді, ауруларға, қарт адамдарға, халықтың әл – ауқаты нашар бөлігіне әлеуметтік көмек көрсетуді мақсат етеді.

Енді, осы проблемалардың қазіргі нарықтық экономикада қалай шешілетіндігіне қарамастан бұрын, біз ең алдымен нарық ұғымына жалпы анықтама берейік. Себебі, нарық көп жақты, соған байланысты оны әр түрлі

жағынан зерттеуге болады. Сондықтан да, экономикалық әдебиеттерде оның көптеген анықтамалары бар.

Олардың біріне мына анықтамаларды келтіруге болады. Нарық тауар өндірушілер мен тұтынушылардың арасындағы қатынастарды қамтитын процесс немесе нарық сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекет ететін сферасы.

Үшіншілері, нарықты шаруашылық субъектілерінің арасындағы қоғамдық байланыс формасы ретінде көрсетеді.

Нарықтық қатынастардың мәнін анықтау барысында, нарық ұғымының мағынасы екі жақты екенін ескері керек. Біріншіден, нарық айналыс, айырбас сферасындағы тауарлардың өтімін жүзуге асыру процесі, ал екіншіден, нарық – ал адамдар арасындағы өндіру, бөлу, айырбас, тұтыну процестерін қамтитын экономикалық қатынастар жүйесін білдіреді. Нарық қаржы – несие формаларын пайдалануға негізделген экономиканың күрделі механизмі ретінде әрекет етеді.

Нарықтық қатынастарға айналыс сферасындағы құбылыстардан басқа мыналар кіреді:

- кәсіпорындарды жалға берумен байланысты қатынастар;
- бірлескен кәсіпорындардың шетел фирмаларымен алмастыру процестері;
- еңбек биржасы арқылы жұмыс күшін жалдау және пайдалану процесі;
- белгілі бір процентпен несиелерді беру кезіндегі несие қатынастары;
- тауар, қор, валюта биржалары мен басқа да сфераларын қамтитын нарық инфрақұрылымының басқару процесі;

Нарықтық экономика өзін - өзі реттеуші жүйе ретінде әрекет етеді. Ол жеке тұлғаның тәуелсіздігіне, кез—келген табыс әкелетін кәсіпкерлік қызметті жүзуге асыраудағы өндірушінің еркіндігіне, еңбек түрлерін таңдаудағы жұмысшының еркіндік принциптеріне негізделген.

Нарықтық экономика жүйе ретінде бәсекелестік және монополизмді байланыстыруда белгілі бір оптималды тепе—теңдікке қол жеткізеді, сондай – ақ өндіріс құрлымымен сәйкестендіреді, жаңа техника мен технологияны енгізуді ынталандырады т.б.

Нарықтық экономиканың да, тауар шаруашылығының да пайда болу шарттары – тауар өндірушілердің оқшалануы мен технологияны енгізуді ынталандырады т.б.

Әр түрлі елдер нарықтық экономикаға түрлі жолдармен жетті. Соған қарамастан оларға нарықтық экономиканың қалыптасуының ортақ заңдылықтары тән. Оларға мыналар жатады: тәуелсіз тауар өндірушілердің болуы, кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі мен әр түрлі экономикалық субъектілердің меншік құқына кепілдік берілуі; сұраныс пен ұсынысты теңестіретін еркін нарықтық баға; тауар өндірушілердің бәсекелесуі; қаржы, бағалы қағаздар, валюта еңбек нарығы; экономиканың дүниежүзілік интеграция процестеріне қатысуы және т.б.

Қазіргі нарықтың еркін бәсеке дәуіріндегі нарықтан елеулі айырмашылығы бар. Өйткені, қазіргі нарық тауарлардың өтіміне кепілдік

береді, мемлекет ақша және қаржы – несие саясатын белсенді жүргізеді, халықты әлеуметтік қорғау мәселесін шешеді. Қазіргі цивилизацияланған нарық теңгермешілікке және арқа сүйеушілікке жол бермейді.

Нарықтың мәні оның атқаратын қызметтерінен көрініс алады және ең маңызды қызметтеріне жататындар:

- тауар өндірісінің өзін-өзі реттеу қызметі. Ол тауарға сұраныс өскенде тауар өндірушілердің өндіріс көлемін ұлғайтқаннан және бағаны өсіргенінен көрінеді.
- ынталандыру қызметі-фирмалар үстеме пайда табу мақсатында жаңа техника мен технологияны енгізу, еңбек процесін тиімді ұйымдастыру арқылы қосымша мүмкіндіктерді іздестіреді.
- реттеуші қызметі. Нарықтың көмегімен экономикада микро және макро экономикалық тепе-теңдік қалыптасады, шаруашылық өмірді демократияландыру, өзін-өзі басқару принципін жүзеге асыру арқалы экономикадағы зиянды, тиімсіз өндірістерді біртіндеп жояды және перспективалы өндіріс орындарына жол ашады.

Нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Нарықтың артықшылықтарына жататындар:

- әр түрлі қажеттіліктерді керекті мөлшерде және жоғары сапамен қанағаттандыру қабілетті;
- өндірушілер мен тұтынушылардың дербестілігі;
- экономикалық жағдайлардың өзгеруіне тез бейімделуі;
- ресурстарды тиімді бөлуді қамтамасыз ететін қабілетті, нарық тұтынушыларға аса қажетті тауарларды өндіретін өндіріске қарай бағыттауды қамтамасыз етеді.

Нарықтың кемшіліктеріне мыналар жатады:

- нарықтың тек ақша төлей алатын адамдардың сұраныстарарын қанағаттандыруға бағытталуы;
- нарықтың әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен тауарларды (жол, білім және денсаулық сақтау жүйесі, қоғамдық көлік, ғылым т.б.)
- нарықтың қоршаған ортаны қорғау, қалпына келмейтін ресурстарды сақтаудағы өте төмен қабілеттілігі;
- нарық конъюнктурасының тұрақсыз болуы инфляцияны және т.б. келеңсіз құбылыстарды туғызуы.

Нарықтың мұндай жағымсыз жақтары абсолютті түрде болмайды, олар қоғамдағы нарықтың ішкі құрлысымен және тағы басқа да жағдайлармен байланысты.

Нарықтың қызметтері оның құрлымымен тығы байланысты болады. Оған өндірісті тікелей қамтамасыз ететін элементтер, сондай-ақ материалдық және ақша айналысының элементтері кіреді. Нарықтың құрлымы көп жақты болады. Тауарлар мен қызметтер нарығы, нарық қатынастарының тарих бірінші объектісі болып табылады.

Еңбек бөлісінің дамуы барысында тауар және қызмет көрсету нарығы біршама өзгерістерге ие болады. Тауар және қо биржалары, көтерме және бөлшек

сауданың әртүрлі формалары, маркетингтік ұйымдар пайда болып, дами бастады.

Тауарлар мен қызметтер нарығына- тұтыну тауарлар нарығы – азық – түлік және азық-түлік емес тауарлар, қызмет көрсету нарығы – тұрмыстық, коммуналдық, көліктің, тұрғын үй және өндірістік ғимараттар нарығы жатады.

Объективті экономикалық жағдайлардың пісіп жетілуіне байланысты, бұл нарықтан жер, еңбек, капитал, яғни өндіріс факторлары нарығы бөлініп шықты.

Өндіріс факторлар нарығы деп өндіріс құрал-жабдықтарын(капиталды), жұмыс күшін, жерді сату және сатып алуды жүзеге асыратын нарықты айтамыз.

Жер нарығы – тек жердің өзі ғана емес, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін фермелер пайдаланылатын жерлер, жер қойнауындағы пайдалы қазбалар, құрылыстар, ғимараттар орналасқан жерлерде жатады.

Жұмыс күші нарығы – еңбек биржасы формасында ұйымдастырылады. Бұл арқылы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс, жұмыссыздары әлеуметтік қорғау, даярлау және қайта даярлау жүзеге асырылады.

Капитал нарығы – өндіріс құралдарын, ғимараттарды, құрал – жабдықтарды сату мен сатып алуды ұйымдастырумен айналысады.

Қаржы нарығы – бұл нарықта сату және сатып алу объектілеріне ретінде қаржы құралдары, ақшалар, облигациялар, вексельдер және басқа да бағалы қағаздар жатады. Бұл бағалы қағаздар қор және валюта биржаларында сатылады. Олар нарықтың тепе-теңдік нақты барометрі болып табылады және тауар өндірісіндегі кез – келген өзгерістерге әсер етеді.

Осы аталған нарықтың үш түрі бір – бірімен өзара байланыста болады. Егер олардың арасында тепе – теңдік орын алса, онда экономикада макроэкономикалық тепе-теңдікке қол жетеді.

Шаруашылықтың жеке субъектілері экономиканың негізгі үш проблемасын шешумен айналыспайды, онда нарықтық тепе – теңдік қандай жағдайда орын алады деген сұрақ туады. Нарықтың жеке субъектілерінің іс-әрекеті экономиканың жалпы тиімді жұмыс істеуі емес, жеке мүдделеріне бағытталған. Бұл жағдайда нарық қатынасының барлық экономикалық субъектілерінің іс-әрекеті нарық механизмі арқылы сатушылар мен сатып алушылардың тауар жөнінде қабылданған шешімдері баға жүйесі, бәсеке, сұраныс пен ұсыныс арқылы үлестіріліп отырылады.

Нарық механизмі, ең алдымен баға арқылы нарық жүйесінде белгілі бір тәртіп орнықтырады бағалар қызмет көрсету мен тауар өндірісінің өсуін немесе төмендеуін ынталандырады. Мысалы: егер де, қандай да бір тауар қажеттілік өсетін болса, онда сатушы шектеулі ұсынысты сәйкестендіру үшін тауар бағасын өсіреді, ал жоғары баға тауар өндірушілерді өнімді көп өндіруге. Егер сатушыдағы тауарлар тұтынушылардың сатып алғысы келетін тауарлардан көп болатын болса, онда сатушылар тауарларды артылып қалмауы үшін, бағаны төмендетуге мәжбүр болады. Бұл жағдайда тұтынушылар тауарларды көптен сатып ала бастайды, ал өндірушілер өнімді өндіруді азайтады. Осының

нәтижесінде өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы қарама –қатынас тұрақтанады.

Мұндай нарықтың тепе-теңдік, нарықтың экономиканың маңызды элементі сұраныс пен ұсыныс негізінде жүзеге асырады. Дәл осы сұраныс пен ұсыныс арқылы өндірушілер мен тұтынушылар арасында тұрақты байланыс қалыптасады. **Сұраныс**- адамдардың тауап сатып алуға талабы мен қабілеттілігі. Баға мен бағалық емес факторлар сұранысқа әсер етеді. Сұраныстың бағалық емес факторларына мыналар жатады: тұтынушы табыстары, өзара алмастырушы және өзара толықтырушы тауарлардың бағасы, тұтынушылар талғамы, тұтынушы күтімдері. **Сұраныс заңы**- сұраныс көлемінің бағаға кері тәуелділігі деп білеміз: тауар бағасы неғұрлым төмен болса, тауарға деген сұраныс соғұрлым жоғарылайды. **Сұраныстың қисық сызығы**- сұраныс заңының графикалық бейнеленуі. Сұраныстың бағаға кері тәуелділігі келесі себептермен түсіндіріледі: 1) баға төмендегенде сатып алушылар саны көбейеді; 2) Тұтынушының сатып алу қабілеті өседі; 3) арзандаған тауардың қосымша бірліктерін сатып алу тиімді болады. Баға әсері сұраныстың шамасын өзгертеді де, сұраныстың қисық сызығы бойынша көрінеді. Бағадан тыс факторлар сұраныстың өзін өзгертеді және сұраныс қисығын оң жаққа және сол жаққа ысырады. Ұсыныстың бағалық емес факторларына мыналар жатады: ресурстар бағалары, технология, басқа тауарлар бағалары, күтімдер, сатушылар саны, салықтар мен дотациялар. **Ұсыныс**- бұл сатушылардың нарыққа тауарларды сату қажеттілігі және қабілеті. Ұсынысқа басты әсер ететін фактор баға, сонымен қатар бағалық емес факторлар да әсер етеді. **Ұсыныс заңы**- ұсыныс шамасының баға деңгейіне тікелей тәуелділігі: баға жоғары болған сайын ұсыныс көлемі де өседі, баға төмен болған сайын ұсыныс көлемі де төмендейді. **Ұсыныстың қисық сызығы** – ұсыныс заңының графикалық түрде бейнеленуі. Бағадан тыс факторлар ұсынысты өзгертеді де, ұсыныстың қисық сызығы оң жаққа немесе сол жаққа ығыстырылады. Сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі баға механизмі және бәсеке негізінде іске асады. Бұл сұраныс пен ұсынысты теңестіріп, тепе-тең бағаның құрылуына әкеліп соғады. Егер нарықтық баға тепе-теңдік бағадан артық болса, артық ұсыныс, яғни артықшылық қалыптасады. Егер нарықтық баға тепе-теңдік бағадан төмен болса, нарықта тапшылық қалыптасады, бұл жағдайда сұраныс шамасы ұсыныс шамасынан басым болады. Тауар бағасының өзгеруі, тұтынушылардың кірісі мен басқа тауарлардың бағасы сұранысқа әр түрлі әсер етеді. Икемділік- бұл бір бір айнымалының екінші айнымалының өзгерісіне пайыздық өзгерістің қатынасы ретінде көріну реакциясы.

Нарық механизмінде бәсеке ең маңызды рольді атқарады. Бәсеке баға сияқты өндіріс көлемінің өсуін немесе төмендеуін қамтамсыз етеді. Нарықтың механизмінің тиімді, әрі нәтижелі әрекет етуі көп жағдайда нарық инфрақұрлымының даму дәрежесінде байланысты болады. Нарық инфрақұрлымы қызметтер мен тауарларды нарықта еркін қозғалысын қамтамсыз ететін мекемелер мен ұйымдар жүйесі болып табылады.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Нарық түсінігі, нарық түрлері, нарық инфрақұрылымы.
2. Нарық функциялары, нарықтық экономиканың артықшылықтары және кемшіліктері
3. Нарық құрылымы. Сұраныс және ұсыныс. сұраныс және ұсыныс қисықтары. Нарықтық тепе-теңдік.
4. Сұраныс және ұсыныс икемділігі.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

- 1 Нарық функциялары:
 - A) ақпараттық
 - B) баға қалыптастыру
 - C) реттеу, делдалдық
 - D) бақылау
 - E) барлық жауап дұрыс
- 2 Функционалды қолданылуы бар көптеген нарықтар жиынтығы қалай аталады?
 - A) нарық жүйесі
 - B) қор биржасы
 - C) капитал
 - D) нарық механизмі
 - E) өндіріс факторлары
- 3 Нарықтық шаруашылық субъектілері:
 - A) үй шаруашылықтары, фирмалар, мемлекет
 - B) үй шаруашылықтары, фирмалар, қоғам
 - C) үй шаруашылықтары, фирмалар, ресурстар
 - D) кәсіпорындар, адамдар, қоғам
 - E) барлық жауап дұрыс емес
- 4 Нарықтық экономиканың белгілері:
 - A) жеке меншік
 - B) адамның жеке мақсаты
 - C) таңдау еркіндігі
 - D) бәсекелестік, еркін баға жүйесі
 - E) барлық жауап дұрыс
- 5 Нарықтық сұранысқа әсер етпейді:
 - A) тұтынушылар табысы
 - B) өзара алмастыратын тауарлар бағасы
 - C) ресурстар бағалары
 - D) сатып алушылар саны
 - E) тұтынушылық талғамдардың өзгеруі
- 6 Нарықтық экономиканы реттеу бойынша мемлекеттің функциялары қайсысына жатады?
 - A) тек әлеуметтік проблемаларды шешу

- В) монополияға қарсы заңдылықтар шығару
- С) бәсекелестікті қорғау
- Д) инфляцияны және жұмыссыздықты баяулату
- Е) С және D жауаптары дұрыс

7 Экономиканы нарықтық ұйымдастыру ұзақ тарихи уақыт бойы қалыптасып келеді, себебі:

- А) монополизмге қарсы тұрады
- В) кемшіліктері жоқ
- С) мемлекет тарапынан реттеледі
- Д) нарық логикасына бағынады
- Е) өзі реттелетін жүйе

8 Нарықтың қай екі түрі айналым моделіне кіреді?

- А) ақша нарығы және ресурстар нарығы
- В) ақша нарығы және тауар нарығы
- С) нақты және ақша нарығы
- Д) тауарлар және ресурстар нарығы
- Е) ақпарат және еңбек нарығы

9 Нарық инфрақұрылымына не жатады?

- А) көлік және байланыс
- В) авиакассалар
- С) жинақ банктері
- Д) биржалар
- Е) барлық жауап дұрыс

10 Егер екі тауар өзара толықтырылатын болса, онда бірінші тауарғабағаның өсуі:

- А) екінші тауарға сұранысты төмендетеді
- В) екінші тауарға сұранысты өсіреді
- С) екінші тауарға сұраныс көлемін ұлғайтады
- Д) екінші тауарға сұраныс көлемін төмендетеді
- Е) екінші тауардың бағасы өзгеріссіз қалады

11 Нарықтық сұранысқа әсер етпейді:

- А) тұтынушылар табысы
- В) өзара алмастыратын тауарлар бағасы
- С) ресурстар бағалары
- Д) сатып алушылар саны
- Е) тұтынушылық талғамдардың өзгеруі

12 Келесі анықтамалардың қайсысы тауардың икемді сұранысының сипаттамасына сәйкес келмейді ?

- А) алмастыратын тауарлар саны көп болады
- В) сұраныс пайда болатын уақыт аралығы ұзақ болады
- С) берілген тауардың бюджеттегі үлесі үлкен болады
- Д) берілген тауар алғашқы қажеттіліктегі тауар болып табылады
- Е) барлық жауап дұрыс емес

Тақырып 5 Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму эволюциясы.

Адамзат қоғамының дамуын детерминистік көзқараспен түсіндіру. Қоғам дамуының кезендерін шаруашылық формалармен анықтау. Тарихи процестерді институционалды көзқараспен түсіндіру. Формациялық көзқарас: әлеуметтік-экономикалық формация және материалдық игіліктерді өндіру әдісі ұғымдарының сипаттамалары. Бес өндіріс әдісі қоғамның тарихи дамуындағы заңдылықты кезендер ретінде. Формациялық теорияның методологиялық артықшылықтары мен кемшіліктері. Қоғам дамуының өркениет-цивилизациялық теориялары. Өркениет- цивилизация ұғымының әр түрлі талдау- түсініктемелері. Цивилизация - өркениет дамуының тарихи кезендері.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Қоғам дамуы кезеңділігіне негізгі көзқарастар.
2. Индустриалды қоғамға дейінгі қоғам.
3. Постиндустриалды экономика
4. Индустриалды қоғам

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

- 1 Қоғамның экономикалық жүйесі ненің зерттеу объектісі болып табылады?
 - А) микроэкономика
 - В) макроэкономика
 - С) әлемдік экономика
 - Д) кәсіпорын экономикасы
 - Е) менеджмент
- 2 Экономикалық жүйенің құрылымы -бұл:
 - А) жүйе элементтерінің жиынтығы
 - В) жүйе деңгейлері
 - С) жүйенің даму стадиялары
 - Д) жүйе элементтерінің арасындағы байланыстар
 - Е) жүйе элементтерінің модельдері
- 3 Қоғамның экономикалық жүйесінің элементтері:
 - А) кәсіпорындар, салалар, салалар топтары, өндіріс сфералары
 - В) игіліктер өндірісі және қызметтер өндірісі
 - С) материалды және материалды емес өндіріс
 - Д) өндіргіш күштер және өндірістік қатынастар
 - Е) ұлттық экономика, экономикалық қатынастар және ұйымдар жүйесі
- 4 Нарықтық экономикалық жүйе және әкімшілік экономикалық жүйе аралас түрдегі қоғам типі:
 - А) дәстүрлі экономика
 - В) әкімшіл - әміршіл экономика
 - С) нарықтық экономика
 - Д) аралас экономика
 - Е) барлық жауап дұрыс емес
- 5 Позитивті экономикалық теория нені қарастырады?
 - А) бүкіл ұлттық экономиканы

В) жеке шаруашылық субъектілердің тәртібін

С) экономика туралы бағалық ойларды

Д) экономикалық шындықты

Е) экономикалық заңдар жүйесі

6 Мемлекеттің бюджеттік саясатының негізгі құралдары:

А) салықтар

В) дисконттық саясат

С) құнды қағаздар нарығындағы операциялар

Д) ақша – несие саясаты

Е) А және С жауаптары дұрыс

7 Экономиканы нарықтық ұйымдастыру ұзақ тарихи уақыт бойы қалыптасып келеді, себебі:

А) монополизмге қарсы тұрады

В) кемшіліктері жоқ

С) мемлекет тарапынан реттеледі

Д) нарық логикасына бағынады

Е) өзі реттелетін жүйе

8 Реттелетін экономика теориясын ұсынған, яғни мемлекеттің экономикаға араласуын қолдаған мектеп

А) Кейнс мектебі

В) Маржинализм

С) Марксизм

Д) Меркантилизм

Е) Классикалық саяси экономия

Тақырып 6 Өндіріс теориясы. Капитал айналымы және қайта айналымы

Фирма қызметінің ішкі және сыртқы факторлары. Өндірістік функция. Жалпы, орташа, шекті өнім. Кемитін шекті өнімділік заңы. Капитал айналымы және қайта айналымы, негізгі капиталдың тозуы және амортизациясы. Инвестициялар, құрылымы және олардың түрлері. Өндірістік функция, өндіріс факторларының өнімділік көрсеткіштері. Кемитін шекті өнімділік заңы. Заңды график түрінде бейнелеу. Шекті, орташа, жалпы өнімді есептеу. Капитал айналымы және қайта айналымы, негізгі капиталдың тозуы және амортизациясы. Инвестициялар, құрылымы және олардың түрлері.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Өндіріс факторларына адам еңбегі мен қатар капитал да жатады. Бұл категорияның мәні туралы әр түрлі пікірлер бар. Біреулері капиталды өндіріс құрал-жабдықтарының жиынтығы ретінде қарастырса, екіншілері капиталды шаруашылықтан табыс табу мақсатында пайдаланатын ақша сомасы ретінде қарастырады.

Капитал категориясы туралы әр түрлі пікірлердің болуына байланысты, капитал нарығы туралы да біріңғай пікір қалыптаспаған. Сондықтан нарықтағы

сатушы мен сатып алушының ара қатынасындағы объектілерге қарай капитал нарығы туралы көзқарастың екі бағытына тоқталайық.

1. Капитал деп өндіріс факторлары нарығындағы капиталдарды: машиналарды, станоктарды, құрылыстарды, материалдарды және т. б. айтады. Сол себептен, бұл жағдайда капитал - өндіріс факторлары нарығының бір бөлігі ретінде көрінеді.

2. Капитал нарығына қаржы нарығындағы ақша капиталын жатқызады. Сондықтан олар капиталды қарыз капиталының бір бөлігі ретінде қарастырады.

Қарыз капиталы нарығы ақша нарығына және капитал нарығына бөлінеді. Ақша нарығы бір жылға дейінгі қысқа мерзімдік банк операцияларымен байланысты. Капитал нарығы орта мерзімді және ұзақ мерзімді банк операцияларына қызмет етеді. Ол ипотекалық және қаржы нарығына бөлінеді.

Капитал – нарық субъектілерінің ақша ресурстарынан құрылады. Ал оны пайдаланатын фирмалар, үй шаруашылықтары. Капитал жинақтаушылар мен оны пайдаланушылардың ара қатынастары көптеген делдалдық қаржы жүйесі: коммерциялық банктер, инвестициялық қорлар, брокерлік кеңселер және т.б. арқылы жүзеге асырылады. Оның негізгі қызметтері қоғамдағы уақытша бос ақшаларды шоғырландыру және оларды пайдаланатындар арасында таратып үйлестіру болып табылады. Капиталды пайдалану әр түрлі формада беріледі: корпорацияның облигациясын сатып алу немесе фирмаға тікелей төленетін пайыз маңызды рөл атқарады.

Пайыз – қарызға алынған ақша немесе материалдық құндылықтар деп пайдаланғаны үшін қарыз алушының несие берушіге төлеуі тиіс ақша мөлшері.

Процент нормасына келесі факторлар әсер етеді:

- тәуекелділік;
- жеделдік;
- қарыз мөлшері.

Өндіріс процесінің тағы бір факторы – жер болып табылады. Жер ұғымына жердің өзімен қатар, жердің үстіндегі немесе жер астындағы табиғи байлықтар жатады.

Жер ерекшеліктері: шектеулілігі, яғни оның көлемін көбейтуге келмейтіндігін және жаңадан өндіруге мүмкін еместігі. Жер ресурстары шектеулі болғандықтан, сондай-ақ жерсіз адам өмір сүруі мүмкін еместігімен байланысты жерге меншік, меншіктің ең табысты және маңызды түрлеріне жатады. Меншіктің бұл түрі экономикалық жағынан көп жағдайда жалға беру және рента формасында табыс алу арқылы жүзеге асырылады.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Өндіріс. Өндіріс факторлары
2. Өндірістік функция. Кемитін шекті өнімділік заңы
3. Капитал айналымы және қайта айналымы

4. Инвестициялар, құрылымы және олардың түрлері.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

1 Өндірістік мүмкіндіктер қисығындағы әрбір нүкте нені көрсетеді?

- A) ресурстар шығындарының әрбір варианттарында екі өнімнің максималды мүмкін өндіріс көлемі
- B) берілген ресурстарда екі өнімнің максималды мүмкін өндіріс көлемі
- C) берілген ресурстарда әрбір өнімдердің максималды мүмкін өндіріс көлемі
- D) берілген ресурстарда екі өнімнің минималды мүмкін көлемі
- E) берілген ресурстарда әрбір өнімдердің минималды мүмкін көлемі

2 Өндірістік мүмкіндіктер қисығының ішіндегі нүкте нені сипаттайды?

- A) қоғам ресурстары тиімсіз қолданылады
- B) берілген тауар өндірісіне ресурстар жеткіліксіз
- C) ресурстар рационалды қолданылады
- D) ресурстардың біреуі толық көлемде қолданылмайды
- E) қоғам ресурстары азаяды

3 Егер қолданылатын ресурстар саны ұлғайса, онда өндірістік мүмкіндіктер қисығы өз траекториясын қалай өзгертеді?

- A) солға жылжиды
- B) оңға жылжиды
- C) тік болады
- D) көлденең болады
- E) төменге жылжиды

4 Өспелі альтернативті шығындар заңының мәні неде?

- A) өндіріс көлемі өскен сайын, шығындар да өседі
- B) өндіріс өскен сайын еңбек өнімділігі төмендейді
- C) басқа тауарлардың қосымша бірлігін өндіргенде бір тауардың саны қысқарады
- D) еңбек өнімділігі көтеріледі
- E) шекті өнім көбейеді

5 Егер екі тауар өзара толықтырылатын болса, онда бірінші тауарға бағаның өсуі:

- A) екінші тауарға сұранысты төмендетеді
- B) екінші тауарға сұранысты өсіреді
- C) екінші тауарға сұраныс көлемін ұлғайтады
- D) екінші тауарға сұраныс көлемін төмендетеді
- E) екінші тауардың бағасы өзгеріссіз қалады

6 Шекті пайдалылықтың мәндерінің қай қатары кемитін шекті пайдалылық заңын көрсетеді?

- A) 20, 15, 10, 5
- B) 2, 3, 4, 5
- C) 20, 25, 27, 28
- D) 20, 15, 15, 15
- E) 10, 20, 30, 40, 50

7 Кемитін шекті пайдалылық заңы нені білдіреді?

- A) шекті пайдалылықтың бағаларға қатынасы барлық тауарлар үшін бірдей
- B) сатып алынатын тауарлардың пайдалылығы тұтынушы табысы өскен сайын кеми береді
- C) игіліктің әрбір қосымша бірлігімен әкелінетін пайдалылық, сатып алынатын тауарлар саны өскен сайын кеми береді
- D) шығындар өскен сайын тауарлардың пайдалылығы азаяды
- E) шығындар азайған сайын тауарлардың пайдалылығы азаяды

8 Егер тұтынушы бюджеттік сызықпен шектелген жазықтықта жатқан нүкте комбинациясын таңдаса, онда ол:

- A) пайдалылықты көбейтеді
- B) өз бюджетінен тыс, көп тауар сатып алғысы келгені
- C) өз бюджетін толық қолданбайды
- D) тұтынушылық тепе-теңдік жағдайында болоды
- E) пайдалылық азайтады

9 Табыс эффектісі қай жағдайда білінеді?

- A) адамдар табысы төмендегенде
- B) тауардың арзандауы, тұтынушының көп тауар сатып алуына әкеледі
- C) адамдар табысы өскен сайын, кейбір тауарларды сатып алу қысқарды
- D) адамдар табысы өседі, олар табыстың бір бөлігін жинақтайды
- E) сатып алушылардың табысы көбейеді және олар көп тауар сатып алады

10 Талғаусыздық картасындағы тұтынушылық тепе-теңдік бұл:

- A) бюджеттік сызықтың және талғаусыздық қисығының қиылысуы
- B) талғаусыздық қисықтарының ішінде ең жоғарғысындағы әрбір нүкте
- C) бюджеттік сызық оған жанама талғаусыздық қисығы тең болатын нүкте
- D) бюджеттік сызықта орналасқан әрбір нүкте
- E) бюджеттік сызықпен шектелген кеңістіктегі әрбір нүкте

Тақырып 7 Кәсіпорын табысы және шығындары

Бухгалтерлік және экономикалық шығындар. Тұрақты, өзгермелі және жиынтық шығындар. Орташа шығындар. Шекті (қосымша) шығындар. Өндірістің көлемдік нәтижесі. Трансакциялық шығындар. Фирманың жалпы, орташа және шекті табысы. Бухгалтерлік, экономикалық және мөлшерлі пайда. Бағаны, қосымша шығындарды және қосымша табысты салыстыру. Таза бәсекелік нарықта фирманың орны.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Әр фирманың негізгі мақсаты пайданы көп мөлшерде табу болып табылады. Фирма тауарларды өндіру туралы шешімді, бұрынғы шығындарды талдау негізінде қабылдайды.

Өндіріс шығындары деп өнімді өткізу және өндірісті ұйымдастыру мен байланысты фирманың материалдық және ақшалай шығындарын айтамыз.

Өндіріс шығындарын жіктеудің әртүрлі варианттары бар. Олар бухгалтерлік және экономикалық шығындар.

Бухгалтерлік шығындар өнімнің белгілі мөлшерін өндіру үшін жұмсалған өндіріс факторларының шығындары. Кәсіпорынның шығындары бухгалтерлік және статистикалық есеп беруде өзіндік құн формасында көрініс алады.

Өзіндік құны кәсіпорынның өнімді өндіру мен өткізуге жұмсалған шығындардың ақшалай көрінісі. Өзіндік құн өнімді өндіріп, өткізудің кәсіпорындарға қаншаға түсетіндігін көрсетеді.

Өндірістік шығындарды экономикалық тұрғыдан ұғыну шектеулі ресурстарды балама пайдалану мүмкіндіктерге негізделеді. Кез келген ресурстардың экономикалық шығындары балама шығындар болып табылады. Балама шығындар – ресурстарды пайдаланудың мүмкін болатын балама әдістерінің ең тиімдісін қолданғанда алуға болатын ақша сомасы. Айқын шығындарға аралық өнімдердің және өндіріс факторларының меншік иелеріне төленетін ақша төлемдері жатады. Айқын емес шығындар өндіріс иелерінің меншігіндегі ресурстарды пайдаланумен байланысты шығындар.

Бухгалтерлік және экономикалық шығындарды тұрақты, өзгермелі, жалпы, орташа және шекті шығындармен толықтыру керек.

Тұрақты шығындар (FC) – ол өндірілген өнімнің көлеміне байланысты емес немесе кәсіпорын өнім шығармаған жағдайда да орын алатын шығындар.

Өзгермелі шығындар (VC) – шығарылған өнімдердің көлемімен тікелей байланысты шығындар.

Жалпы шығындар (TC) – тұрақты және өзгермелі шығындардың сомасы болып табылады немесе өндірісті ұйымдастыруға және өндіріс факторларына жұмсалған фирманың жиынтық шығындары.

Кәсіпкерлерді жалпы өндіріс шығындарымен қатар өнімнің бір бірлігінің шығындары қызықтырады.

Орташа шығындар (ATC) шығарылған өнімнің бір бірлігіне шаққандағы жалпы шығындар.

$$ATC = TC / Q$$

Орташа өндіріс шығындары орташа тұрақты шығындар (AFC) және орташа өзгермелі шығындар (AVC) мен айқындалады.

$$AFC = FC / Q$$

$$AVC = VC / Q$$

Фирма өндірістің қай көлемінде қосымша шығындар ең аз болатындығын анықтау үшін шекті шығындарды да ескереді.

Шекті шығындар (MC) – қосымша өнімді өндіру үшін жұмсалатын қажетті қосымша шығындар.

$$MC = \Delta VC / \Delta Q$$

Шекті шығындарды анықтағанда тек ауыспалы шығындар ғана ескеріледі, тұрақты шығындар қосымша өнімді өндіруге ықпал етпейді, сондықтан ол ескерілмейді.

Трансакциялық шығындар – бұл фирманың ақпаратты жинауға, келіссөз жүргізуге және т. б. кеткен шығындары. Трансакциялық шығындардың басты ерекшелігі олардың тікелей өндіріс процесіне қатысы жоқтығында.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Өндіріс шығындары, олардың түрлері.
2. Фирма табысы және пайдасы, олардың түрлері.
3. Пайданы көбейту және шығындарды минимизациялау.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

- 1 $ATC = TC / Q$ формуласымен қандай шығындар есептеледі?
 - A) орташа тұрақты шығындар
 - B) орташа өзгермелі шығындар
 - C) орташа жалпы шығындар
 - D) шекті шығындар
 - E) барлық жауап дұрыс емес
- 2 $AVC = VC / Q$ формуласымен қандай шығындар есептеледі?
 - A) орташа өзгермелі шығындар
 - B) орташа тұрақты шығындар
 - C) шекті шығындар
 - D) Бухгалтерлік шығындар
 - E) барлық жауап дұрыс емес
- 3 $AFC = FC / Q$ формуласымен қандай шығындар есептеледі?
 - A) орташа өзгермелі шығындар
 - B) орташа тұрақты шығындар
 - C) айқын емес шығындар
 - D) шекті шығындар
 - E) барлық жауап дұрыс емес
- 4 $MC = TC / Q$ формуласымен қандай шығындар есептеледі?
 - A) орташа тұрақты шығындар
 - B) орташа өзгермелі шығындар
 - C) шекті шығындар
 - D) орташа жалпы шығындар
 - E) барлық жауап дұрыс емес
- 5 Орташа тұрақты шығындар бұл-:
 - A) $AFC = FC / Q$
 - B) $AVC = VC / Q$
 - C) $ATC = TC / Q$
 - D) $MC = TC / Q$
 - E) $TC = FC + VC$
- 6 Шығындар бойынша ЖҰӨ қандай формула бойынша есептеледі?
 - A) $GNP = C + I + G - NX$
 - B) $GNP = C + I + S - NX$
 - C) $Y = W + R + I + P$

D) $GNP=C+K+S-NX$

E) барлық жауап дұрыс емес

7 Егер қолданылатын ресурстар саны ұлғайса, онда өндірістік мүмкіндіктер қисығы өз траекториясын қалай өзгертеді?

A) солға жылжиды

B) оңға жылжиды

C) тік болады

D) көлденең болады

E) төменге жылжиды

8 Өспелі альтернативті шығындар заңының мәні неде?

A) өндіріс көлемі өскен сайын, шығындар да өседі

B) өндіріс өскен сайын еңбек өнімділігі төмендейді

C) басқа тауарлардың қосымша бірлігін өндіргенде бір тауардың саны қысқарады

D) еңбек өнімділігі көтеріледі

E) шекті өнім көбейеді

Тақырып 8 Өндіріс факторларының нарықтары

Өндіріс факторының нарықтық бағасы және өндіріс факторының шекті қосымша өнімі. Өндіріс факторларының бірін бірі толықтыруы және алмастыруы. Өндіріс факторлары нарығындағы тепе-тендік. Фактор иесінің табысы өндіріс факторының бағасы ретінде. Еңбекақы еңбек факторының бағасы ретінде. Пайыз капитал иесінің факторлы табысы ретінде. Жер рентасы-жер иелерінің факторлы табысы. Пайда- кәсіпкердің факторлы табысы ретінде.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Нарықтың қызметтері оның құрлымымен тығыз байланысты болады. Оған өндірісті тікелей қамтамасыз ететін элементтер, сондай-ақ материалдық және ақша айналысының элементтері кіреді. Нарықтың құрлымы көп жақты болады. Тауарлар мен қызметтер нарығы, нарық қатынастарының тарих бірінші объектісі болып табылады.

Еңбек бөлісінің дамуы барысында тауар және қызмет көрсету нарығы біршама өзгерістерге ие болады. Тауар және қо биржалары, көтерме және бөлшек сауданың әртүрлі формалары, маркетингтік ұйымдар пайда болып, дами бастады.

Тауарлар мен қызметтер нарығына- тұтыну тауарлар нарығы – азық – түлік және азық-түлік емес тауарлар, қызмет көрсету нарығы – тұрмыстық, коммуналдық, көліктің, тұрғын үй және өндірістік ғимараттар нарығы жатады.

Объективті экономикалық жағдайлардың пісіп жетілуіне байланысты, бұл нарықтан жер, еңбек, капитал, яғни өндіріс факторлары нарығы бөлініп шықты.

Өндіріс факторлар нарығы деп өндіріс құрал-жабдықтарын(капиталды), жұмыс күшін, жерді сату және сатып алуды жүзеге асыратын нарықты айтамыз.

Жер нарығы – тек жердің өзі ғана емес, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін фермелер пайдаланылатын жерлер, жер қойнауындағы пайдалы қазбалар, құрылыстар, ғимараттар орналасқан жерлерде жатады.

Жұмыс күші нарығы – еңбек биржасы формасында ұйымдастырылады. Бұл арқылы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс, жұмыссыздары әлеуметтік қорғау, даярлау және қайта даярлау жүзеге асырылады.

Капитал нарығы – өндіріс құралдарын, ғимараттарды, құрал – жабдықтарды сату мен сатып алуды ұйымдастырумен айналысады.

Қаржы нарығы – бұл нарықта сату және сатып алу объектілеріне ретінде қаржы құралдары, ақшалар, облигациялар, вексельдер және басқа да бағалы қағаздар жатады. Бұл бағалы қағаздар қор және валюта биржаларында сатылады. Олар нарықтың тепе-теңдік нақты барометрі болып табылады және тауар өндірісіндегі кез – келген өзгерістерге әсер етеді.

Осы аталған нарықтың үш түрі бір – бірімен өзара байланыста болады. Егер олардың арасында тепе – теңдік орын алса, онда экономикада макроэкономикалық тепе-теңдікке қол жетеді.

Шаруашылықтың жеке субъектілері экономиканың негізгі үш проблемасын шешумен айналыспайды, онда нарықтық тепе – теңдік қандай жағдайда орын алады деген сұрақ туады. Нарықтың жеке субъектілерінің іс-әрекеті экономиканың жалпы тиімді жұмыс істеуі емес, жеке мүдделіріне бағытталған. Бұл жағдайда нарық қатынасының барлық экономикалық субъектілерінің іс-әрекеті нарық механизмі арқылы сатушылар мен сатып алушылардың тауар жөнінде қабылданған шешімдері баға жүйесі, бәсеке, сұраныс пен ұсыныс арқылы үлестіріліп отырылады.

Нарық механизмі, ең алдымен баға арқылы нарық жүйесінде белгілі бір тәртіп орнықтырады бағалар қызмет көрсету мен тауар өндірісінің өсуін немесе төмендеуін ынталандырады. Мысалы: егер де, қандай да бір тауар қажеттілік өсетін болса, онда сатушы шектеулі ұсынысты сәйкестендіру үшін тауар бағасын өсіреді, ал жоғары баға тауар өндірушілерді өнімді көп өндіруге. Егер сатушыдағы тауарлар тұтынушылардың сатып алғысы келетін тауарлардан көп болатын болса, онда сатушылар тауарларды артылып қалмауы үшін, бағаны төмендетуге мәжбүр болады. Бұл жағдайда тұтынушылар тауарларды көптен сатып ала бастайды, ал өндірушілер өнімді өндіруді азайтады. Осының нәтижесінде өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы қарама – қатынас тұрақтанады.

Мұндай нарықтың тепе-теңдік, нарықтың экономиканың маңызды элементі сұраныс пен ұсыныс негізінде жүзеге асырады. Дәл осы сұраныс пен ұсыныс негізінде жүзеге асырылады. Дәл осы сұраныс пен ұсыныс негізінде жүзеге асырылады. Дәл осы сұраныс пен ұсыныс арқылы өндірушілер мен тұтынушылар арасында тұрақты байланыс қалыптасады.

Нарық механизмінде бәсеке ең маңызды рольді атқарады. Бәсеке баға сияқты өндіріс көлемінің өсуін немесе төмендеуін қамтамсыз етеді.

Нарықтық экономиканың әрекет ету механизмі үш принциптерге негізделеді:

- маржиналды талдау
- шығындарды баламалы таңдау;
- экономикалық ұтымдылық;

Нарықтың механизмінің тиімді, әрі нәтижелі әрекет етуі көп жағдайда нарық инфрақұрламының даму дәрежесінде байланысты болады. Нарық инфрақұрлымы қызметтер мен тауарларды нарықта еркін қозғалысын қамтамасыз ететін мекемелер мен ұйымдар жүйесі болып табылады. Нарық инфрақұрламын халық шаруашылығының ерекше саласы сауда жатады.

Сонымен қатар, нарықтық экономика тиімді жұмыс істеу үшін жарнама, ақпарат және консультативтік қызметтер, бақылау және аудиториялық мекемелер қажет. Оларсыз нарықтың табысты қызмет етуі мүмкін емес.

Өндіріс процесінің тағы бір факторы – жер болып табылады. Жер ұғымына жердің өзімен қатар, жердің үстіндегі немесе жер астындағы табиғи байлықтар жатады.

Жер ерекшеліктері: шектеулілігі, яғни оның көлемін көбейтуге келмейтіндігін және жаңадан өндіруге мүмкін еместігі. Жер ресурстары шектеулі болғандықтан, сондай-ақ жерсіз адам өмір сүруі мүмкін еместігімен байланысты жерге меншік, меншіктің ең табысты және маңызды түрлеріне жатады. Меншіктің бұл түрі экономикалық жағынан көп жағдайда жалға беру және рента формасында табыс алу арқылы жүзеге асырылады.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Жер ресурстарының нарығы және жер рентасы, рента түрлері
2. Еңбек нарығы және еңбекақы. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу.
3. Несиелік капитал нарығы және процент.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

- 1 Нарықтың қай екі түрі айналым моделіне кіреді?
 - A) ақша нарығы және ресурстар нарығы
 - B) ақша нарығы және тауар нарығы
 - C) нақты және ақша нарығы
 - D) тауарлар және ресурстар нарығы
 - E) ақпарат және еңбек нарығы
- 2 Нарықты проценттік ставка:
 - A) инфляцияға байланысты, ақшалай сипаттағы проценттік ставка
 - B) инфляция процентіне азайтылған номиналды проценттік ставка
 - C) салымдар бойынша проценттік ставка
 - D) несиелер бойынша проценттік ставка
 - E) A және B жауаптары дұрыс
- 3 Экономикалық рента – бұл ...
 - A) әрбір ресурстың бағасы
 - B) табиғи ресурстың бағасы

- С) ұсынысы қатаң тіркелетін ресурс бағасы
- Д) сұранысы көп болатын ресурс бағасы
- Е) мұндай рента болмайды

4 Жерге ұсыныс өскен кезде:

- А) жер рентасы өседі
- В) жер ұсынысы өседі
- С) жер бағасы төмендейді
- Д) жер ұсынысы төмендейді
- Е) жер рентасы өзгеріссіз қалады

5 Капиталды тұтынуға аударымдар- бұл:

- А) таза инвестициялар
- В) таза шетел инвестициялар
- С) амортизация
- Д) тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсалмайтын қорлар
- Е) өндіріс процесінде қолданылатын шикізат және материалдар құны

6 Материалды және қаржылық ресурстар: ғимараттар, құрал-жабдықтар, қаржылық құралдар өндіріс факторларының қай тобына жатады?

- А) енбек
- В) капитал
- С) жер
- Д) кәсіпкерлік
- Е) ақпарат

7 Енбек ресурстары, яғни жұмыс күші өндіріс факторларының қай тобына жатады?

- А) енбек
- В) капитал
- С) жер
- Д) кәсіпкерлік
- Е) ақпарат

8 Өндіріс факторлары қандай топтарға бөлінеді?

- А) жер, енбек, капитал, кәсіпкерлік, ақпарат
- В) жер, енбек, ақпарат
- С) капитал, кәсіпкерлік
- Д) ақпарат, енбек, жер
- Е) барлық жауап дұрыс емес

9 Табиғи ресурстар, мұнай, су, газ, орман ресурстары өндіріс факторларының қай тобына жатады?

- А) енбек
- В) капитал
- С) жер
- Д) кәсіпкерлік
- Е) ақпарат

10 Еңбек нарығы бұл - ...

- А) мемлекеттің экономикалық ресурстарды тарату сферасы;
- В) товар айналымының сферасы: еңбек, капитал, жер;

- С) соңғы өнімді сату нарығы;
- Д) жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мүделерінің сәйкес келуі бойынша қоғамдық қатынастардың жүйесі;
- Е) қызмет ететін шаруашылық заңдарды бұру арқылы пайда табудың экономикалық сферасы;

Тақырып 9 Ұлттық экономика:нәтижелер және оларды өлшеу

Қоғамдық өндірістің нәтижелері, оларды жиынтық ұлттық өнім арқылы өлшеп көрсету (ЖҰӨ).Шығындар мен табыстар айналымдарының жалпы экономикалық схемасы. Нақты және номиналды ЖҰӨ. ЖҰӨ-ді есептеу әдістері: шығындар, табыстар,қосылған құн бойынша. Жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ). ЖҰӨ-нің өндіру және пайдалану бойынша ең маңызды баптары. ЖҰӨ мен ұлттық табыс, таза ұлттық өнім,жеке табыс және қолданбалы табыс көрсеткіштерінің өзара байланысы. Нақты өндірілген және потенциалды ЖҰӨ.ЖҰӨ және таза экономикалық тұрмыс деңгейі. Ұлттық есептер жүйесінің жалпы сипаттамасы.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Жеке экономикалық субъектінің тәртібін қарастырып, зерттейтін микроэкономикаға қарағанда, макроэкономикада ұлттық шаруашылықтың барлық қатысушыларының экономикалық қызметі және нәтижелері қарастырылады. Макроэкономика экономикаға тән жалпы құбылыстарды қарастырады.Макроэкономикалық талдаудың мәні ұлттық шаруашылықтың дамуының теориясын жасақтау. Соның негізінде макроэкономикалық саясаттың құралдары қалыптасады. Олар: фискальды саясат, ақша-несие саясаты, табыстар саясаты, сыртқы экономикалық саясат.

Макроэкономикалық саясаттың мақсаттары мен құралдары.

Мақсаттары:

- 1 Өндіріс- өндірістің жоғары қарқынына жету
- 2 Жұмысбастылық- төмен деңгейдегі жұмыссыздық және жұмысбастылықтың жоғары деңгейі.
- 3 Бағалар тұрақтылығы- еркін нарықтарда бағалардың тұрақты болуы.
- 4 Халықаралық сауда- экспорт пен импорттың тепе-тендігі. Валюталық курстың тұрақтылығы.

Құралдары:

- 1 Фискальды саясат- Фиск аударғанда қазына деген мағынаны білдіреді. Мемлекеттік шығындар және салық салу.
- 2 Табыстар және шығындар саясаты
- 3 Монетарлы саясат. Ақша ұсынысын басқару.
- 4 Сыртқы экономикалық саясат.

Елдің экономикалық жағдайын талдау үшін ұлттық есептер жүйесі қолданылады. ҰЕЖ- бұл ұдайы өндірістің шарттарын, процесін, нәтижелерін сипаттайтын өзара байланысты көрсеткіштер жүйесі. ҰЕЖ- елдің негізгі экономикалық көрсеткіштерін бағалаудың халықаралық стандарты. Ұлттық өндірістің көлемін өлшейтін негізгі көрсеткіш- жалпы ұлттық өнім. **ЖҰӨ**- белгілі бір кезен ішінде (бір ай, бір квартал немесе бір жыл) ішінде елдің азаматтары өндірген барлық соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны. (ел ішінде, шетелде).

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – белгілі бір кезеңде елдің ішінде өндірілген барлық соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны.

Таза ұлттық өнім- жалпы ұлттық өнімнен құрал-жабдықтардың тозу құнын, яғни амортизация суммасын алып тастаймыз.

$T\dot{Y}\dot{\Theta} = T\dot{Y}\dot{\Theta} - A$

Ұлттық табыс- елдегі барлық өндіріс факторларымен өндірілген өнімнің құны. (жер, еңбек, капитал, кәсіпкерлік), яғни ұлттық табыс жыл ішіндегі барлық табыстардың суммасы.

Ұлттық табыс = еңбекақы+ пайда+капитал проценті+ жер рентасы.

Жеке табыс - үй шаруашылықтарының бабыстарының суммасы + трансферттік төлемдер. Ол негізінен тұтынуға, жинаққа, салық төлеуге жұмсалады.

Қолда бар табыс- салықтарды және салықтық емес төлемдерді төлегеннен кейін шаруашылықтардың иелігінде қалатын табыс.

Қолда бар табыс= жеке табыс – салықтар

Жалпы ұлттық өнім екі әдіспен өлшенеді:

1-ші әдіс: Берілген жылда өндірілген тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсалатын қоғамның барлық шығындарын қосу арқылы.

GNP= C+I+G-NX, мұндағы:

C-тұтыну , яғни үй шаруашылықтарының тауарларға және қызметтерге жұмсалатын шығындары.

I- инвестициялар

G-мемлекеттік сатып алулар

NX-таза экспорт, яғни экспорт пен импорт арасындағы айырма.

2-ші әдіс ЖҰӨ-ді табыстар бойынша есептеу.

Y= W+R+I+P, мұндағы:

W- жұмысшылардың еңбекақысы

R-рента

I-процент, ақшалай капитал

P-пайда

Ұлттық өндірістің макроэкономикалық көрсеткіштері нарықтық бағалармен бейнеленеді. Егер олар ағымдық бағамен өлшенсе, олар номиналды сипатқа ие болады. Егер тұрақты баға қолданылса (базалық жыл бағалары), олар нақты сипатқа ие болады. Номиналды ЖҰӨ өндіріс көлемінің баға деңгейінің өзгерісінен тәуелді болады. Нақты ЖҰӨ тек өндіріс көлемінің өзгеруінен тәуелді болады.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, Ұлттық есептер жүйесі
2. ЖҰӨ есептеу әдістері.
3. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер, қоғамдық ахуал.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

1 Үй шаруашылықтарды, бизнес, мемлекет және сыртқы сауда кіретін модельде, ЖҰӨ ненің қосындысына тең?

- A) тұтыну, жалпы инвестициялар, таза экспорт, мемлекеттің сатып алатын тауарлары мен қызметтері
- B) тұтыну, таза инвестициялар, таза экспорт, мемлекеттің сатып алатын тауарлары мен қызметтері
- C) тұтыну, жалпы инвестициялар, мемлекеттің сатып алатын тауарлары мен қызметтері жалпы экспорт
- D) еңбекақы, рента, процент, пайда және амортизация
- E) еңбекақы, амортизация пайда және таза экспорт

2 Инфляция кезінде:

- A) номиналды ЖҰӨ нақты ЖҰӨ- мен бірдей қарқанды өседі
- B) номиналды ЖҰӨ нақты ЖҰӨ- ге қарағанда тез өседі
- C) номиналды ЖҰӨ нақты ЖҰӨ- ге қарағанда жай өседі
- D) номиналды ЖҰӨ төмендейді
- E) номиналды ЖҰӨ өзгеріссіз қалады

3 Аталғандардың қайсысы ЖҰӨ құрамына кіреді?

- A) үй шаруашылығының қызметі
- B) көршіден ұсталған машинаны сатып алу
- C) брокерден акциялар сатып алу
- D) дүкендегі жаңа оқулықтың құны
- E) корпорациядан облигацияларды сатып алу

4 Капиталды тұтынуға аударымдар- бұл:

- A) таза инвестициялар
- B) таза шетел инвестициялар
- C) амортизация
- D) тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсалмайтын қорлар
- E) өндіріс процесінде қолданылатын шикізат және материалдар құны

5 Егер ұлттық табыстан корпорацияның пайдаға салығын, бөлістірілмеген пайданы және әлеуметтік сақтандыру жарналарын алып тастап, оған таза трансферттік төлемдерді қосатын болсақ, онда алынған сумма-бұл:

- A) жеке табыс
- B) амортизация
- C) ЖҰӨ
- D) таза ұлттық өнім
- E) қолда бар табыс

6 Трансферттік төлемдер- бұл:

- A) үй шаруашылықтарына төленетін төлемдер
- B) жеке адамдарға үкімет беретін төлемдер
- C) ұлттық табысқа кірмейтін табыс компоненті
- D) корпорация пайдасына кіретін табыс компоненті
- E) фирма пайдасынан бөлінетін ақшалай көмек

7 ЖҰӨ- нің ұлттық есебіндегі «инвестициялар» түсінігі нені қамтиді?

- A) мемлекеттік кәсіпорында өндірілген өнім
- B) акцияларды сатып алу
- C) жыл соңындағы қорлардың өсімі
- D) тұтынушының сатып алған, бірақ жыл соңына толық тұтынылмаған тауарлар
- E) облигация сатып алу

8 Бағалар индексі не үшін қолданылады?

- A) берілген жылда және алдыңғы жылда өндіріс құрылымының айырмашылықтарын айыру үшін
- B) екі әр түрлі кезеңде «тауарлы карзинаның» нарықтық құнындағы айырмашылықтарды айыру үшін
- C) екі елдің бағаларының айырмашылықтарын бағалау үшін
- D) көтерме және жеке бағалардың айырмашылықтарын бағалау үшін
- E) екі елдің өмір сүру деңгейі арасындағы айырмашылықтарды бағалау

9 Ұлттық табыс, жиынтық сұраныс пен ұсыныс, инфляция, жұмыссыздық, экономикалық өсу мәселелері экономиканың қай саласында қарастырылады?

- A) Микроэкономика
- B) Макроэкономика
- C) Әлемдік экономика
- D) Менеджмент
- E) Маркетинг

10 Табыстар бойынша ЖҰӨ қандай формула бойынша есептеледі?

- A) $GNP=C+I+G-NX$
- B) $GNP=C+I+S-NX$
- C) $Y=W+R+I+P$
- D) $GNP=C+K+S-NX$
- E) барлық жауап дұрыс емес

Тақырып 10 Макроэкономикалық тепе-тендік. Жұмыссыздық және инфляция

Макроэкономикалық тепе-тендіктің классикалық теориясы. Жеке, жалпы және нақты тепе-тендік. Вальрас үлгісі. Ұлттық экономика ауқымында тұтыну мен қаражат жинаудың кейнстік талдауы. Тұтыну бейімділігі мен қаражат сақтау бейімділігі. Инвестиция және оның қызметтік міндеттері. Инвестиция және қаражат жинау: тепе-тендік мәселесі. Ұлттық табыстың тепе-тендік көлемін анықтау. Мультипликатор. Туынды инвестициялар және акселератор. AD-AS моделіндегі жалпы экономикалық тепе-тендік. Жұмысбастылық пен жұмыссыздық ұғымдарының мазмұны. Жұмыссыздықтың негізгі түрлері.

Жұмыссыздық себептері. Толық жұмысбастылық және жұмыссыздықтың табиғи деңгейі. Инфляция ұғымының мазмұны. Инфляция себептері. Инфляция түрлері. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік салдары. Филлипс қисығы.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Макроэкономикалық тепе-теңдік

Жалпыэкономикалық тепе-теңдіктің негізгі моделі жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс арқылы көрсетіледі.

Жиынтық сұраныс - бұл үй шаруашылықтарының, фирмалар мен үкіметтің әрбір берілген бағалар жағдайында алғысы келетін тауарлар мен қызметтердің саны. Жиынтық ұсыныс - рынокта ұсынылуы мүмкін тауарлар мен қызметтердің жалпы саны (бұл жасалатын ұлттық өнім).

Сурет 1 ЖИЫНТЫҚ СҰРАНЫС ПЕН ЖИЫНТЫҚ ҰСЫНЫС



МОДЕЛІ

Тұтынатын ЖҰӨ-нің серпініне (динамикасына) бағалық, сонымен бірге бағалық емес факторлар әсер етеді. Бағалық факторлардың әсері тауарлар мен қызметтерге жиынтық сұраныстың көлемінің өзгеруі арқылы жүзеге асады және AD қисығының бойымен қозғалу кестесі арқылы көрсетіледі. Бағалық емес факторлар жиынтық сұранысты AD қисығын солға немесе оңға қозғау арқылы өзгеріске келтіреді.

AD серпінінің көлеміне әсер ететін бағалық факторларға (бағалар деңгейінен басқа) мыналар кіреді:

1. Байлық салдары (Пигу эффектісі);
2. Пайыздық ставканың салдары (Кейнс эффектісі).
3. Айырбас бағамының салдары (Манделл – Флеминг эффектісі).

Бағалық емес факторларға - тұтынушылар шығындарының өзгеруі, инвестициялық шығындар, мемлекеттік шығындардың өзгеруі, таза экспорттық шығындар жатады. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс жиынтық тұтыну ұғымымен байланысты. Тұтыну көзі қолдағы табыс болып табылады. Тұтыну — тұтынушылар алатын тауарлар мен қызметтер жиынтығы. Табыстың қалған бөлігі жинақ ақшаға жатады.

Жинақ ақша - бұл табыстың тұтынбайтын бөлігі.

Ұлттық ақша жинағы - тұтыну мен мемлекеттік сатып алуды шегеріп тастағандағы экономикалық табыс. Ұлттық ақша жинағы жеке және мемлекеттік ақша жинағынан тұрады.

Жеке ақша жинағы - салық пен тұтынуға жұмсалғанды қоспағандағы үй шаруашылығының табысы.

Мемлекеттік ақша жинағы - бұл жиналған салық пен оның жұмсалуды түріндегі алынған мемлекеттік табыстың айырмашылығы.

Тұтыну функциясы - негізгі тұтыну факторларын анықтайтын тәуелділік, мысалы, тұтыну көлемінің қолдағы табысқа тәуелділігі.

Экономикалық құбылыс ретінде инфляция ұзақ уақыт өмір сүруде. Оның пайда болуын ақшамен шығуымен, қызметімен байланыстырады. Инфляция термині латын сөзі - *inflatio* – қампау, тұңғыш рет Солтүстік Америкада 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы кезінде пайда болып, айналымдағы қағаз ақшалардың тым көбейтіп кетуі процесін білдірген. XIX ғасырда бұл термин Англия мен Францияда қолданыла бастады. Экономикалық әдебиеттерде инфляция түсінігі XX ғасырда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жие қолданылып, кеңес өкіметінің экономикалық әдебиеттерінде 20- жылдардың орта кезінде көрінді.

Инфляцияның жалпы, әдеттегі анықтамасы – айналымдағы ақша массасының қажеттіліктен тыс артып кетуі. Бұл ақша өлшемінің құнсыздануына және тауар бағаларының соғұрлым өсуіне әкеледі. Алайда инфляцияны айналым процесін құнсызданған қағаз ақшамен толтыра беру деп түсіндіру жеткіліксіз. Инфляцияны тауар бағаларының өсуінен көрінгенімен, ол тек ақшаға тән «ғажайып» құбылыс емес. Ол – күрделі элеуметтік-экономикалық құбылыс, оны тудырушы рынок шаруашылығының түрлі саласындағы ұдайы өндіріс сәйкестілігінің бұзылуы. Инфляция дүние жүзіндегі көптеген елдердің экономикалық өміріндегі ең өткір проблемалардың бірі.

Ақша тауарларды сатып алу қабілеті күшті валютамен салыстырғанда құнсызданады. **Инфляцияны** бұлай түсіндіру, яғни ақшаның алтынға қатысты құнсыздануы, алтынды бұрынғыша ақша сияқты жалпылама эквивалент деп қарастыруда жатыр. Ең алдымен бағаның өсуі тауарға сұраныстың оның ұсынысынан артық болуымен байланысты. Белгілі тауар рыногында сұраныс пен ұсыныстың сәйкестілігінің бұзылуы әлі инфляция емес. Инфляция елдегі баға деңгейінің өсуі. Бағаның көтерілуіне нақты экономикалық жағдайларда әсер етеді. Мысалы, 70- жылдардағы энергетикалық дағдарыс тек мұнай бағасының өсуінен (мұнай бағасы 20 есеге өсті) емес, басқа да тауар мен қызмет көрсету бағаларының өсуімен байланысты. 1973 жылы жалпы бағаның деңгейі 7% –ке, 1979 жылы- 9% артты. Ақша әсерінен тыс, тауар бағаларының өзгеруі еңбек өнімділігінің артуына, циклдық және маусымдық толқуларға, ұдайы өндірістегі құрылымдық өзгерістерге, бағананың монополиялануы мен экономиканы мемлекеттік реттеуге, салықтың жаңа ставкаларын енгізуге, ақша өлшемінің девальвациялануы мен ревальвациялануына, рынок конъюктурасының өзгеруі мен сыртқы экономикалық байланыстардың ықпалына және т.б. байланысты. Демек бағаның өсуіне көптеген неше түрлі себептердің әсері болады.

Конъюнктураның циклдық толқуынан болатын бағаның өскін, инфляцияға жатқызуға болмайды. Циклдың түрлі фазаларынан өту барысында (әсіресе XIX-XX ғасырдың бас кезіне тән «класикалық түрі») бағалардың динамикасы өзгеріп отырады. Аласапыранның бас кезіндегі оның өсуі дағдарыс пен депрессия фазасында төмендеп, жандану кезінде баға тағы да көтеріледі. Еңбек өнімділігін арттыру бағаның төмендеуіне әкелуі тиіс. Циклдық толқулардың тағы бір көрінісі жалақының өсуі еңбек өнімділігінен артып кетуінде. Мұндай құбылыс шығынның инфляциясы деп алып келеді. Кездейсоқ апараттар да бағаның инфляциялық өсуіне көп әсер етпейді. Айталық, су басып кеткен аймақтардығы құрылыс материалдарының бағалары өседі. Бұл құрылыс материалдарын шығаратын өндірісті ұлғайтады, ал олар рынокты толықтыру барысында, баға төмендеуі тиіс. Сонымен баға өсуінің инфляциялық себептеріне нені жатқызамыз? Инфляция көп сәйкессіздіктермен байланысты екенін еске ұстап, оның ішіндегі ең бастыларын атайық. Инфляция – қазіргі нарықтық экономикалық жүйенің даму ерекшелігін сипаттайтын экономикалық құбылыс болып табылады.

Қазіргі кезде инфляция теориясын экономистердің көпшілігі ақша теориясы негізінде емес, баға теориясы арқылы, яғни бағаға әсер ететін фактор ретінде түсіндіреді. Инфляция кезінде кейбір тауарлардың бағалары қайта төмендеуі мүмкін, оны дефляция деп атайды.

Инфляция ақша нарығында туады, сондықтан оның негізгі себептерін ақша айналасындағы келеңсіз өзгерістерден байқауға болады.

Жұмыссыздық — экономикалық теорияның бұрынғы және қазіргі тарихындағы ең өткір мәселесінің бірі. Толық жұмысбастылық ұғымына анықтама берудің алдында біз жұмыссыздықтың 6 түрімен танысуымыз керек : 1) уақытша ,2) құрылымдық ,3) циклдік ,4) жасырын ,5) фрикциондық 6) маусымдық .

«Толық жұмысбастылық» ұғымына анықтама беру қиын. Оны бүкіл 100% халық жұмыспен қамтамасыз етілген деп түсінуге болады. Бірақ ол дұрыс емес. Белгілі бір жұмыссыздық деңгейін болуға тиісті деп саналады. Жұмыссыздық деңгейін- бұл жұмыс істеуді қалайтындардың жалпы санының ішінде жұмысы жоқ азаматтардың статистикалық көрсеткіші(пайыз түрінде). Статистика агенттігі ай сайын жұмыссыздық деңгейі мен экономикалық саясаттағы еңбек нарығының жағдайын бағалайды. Біз жұмыссыздықтың 3 түрімен танысуымыз керек: уақытша, құрылымдық және циклдік.

Уақытша жұмыссыздық- кейбір адамдар өз мамандықтары бойынша бар кезде «жұмысаралық» жағдайда қалады. Кейбіреулерін жұмыстан шығарып жіберіп, олар басқа жұмыс орнын іздеп жүреді. Басқа біреулер тұрақты жұмысын жоғалтқандықтан уақытша жұмыссыз болады(мысалы, құрылыстағы қолайсыз ауа райы жағдайы). Сонымен қатар жастар арасында алғаш рет жұмыс іздеп жүрген адамдар санаты болады. Құрылымдық жұмыссыздық- уақытша жұмыссыздық ақырында «Құрылымдық жұмыссыздық» деп аталатын екінші анатқа ауысады. Экономистер « құрылымдық» терминін құрамдық деген мағынада қолданады. Уақыт өте келе технология мен сұраныс құрылымда өзгерістер болады, олар өз алдына еңбек күшіне жиынтық сұраныс құрлымын

өзгертеді. Осы өзгеістердің нәтижесінде кейбір мамандықтарға деген сұраныс ааяды немесе мүлде жойылады. Басқа мамандықтарға, соның ішінде жаңаларына сұраныс көбейеді.

Циклдік жұмыссыздық- циклдік жұмыссыздық құлдырау кезеңінде, яғни жалпы немесе жиынтық шығындардың жетіспеушілігімен сипатталатын кезеңде пайда болады. Тауарар мен қызметтерге жиынтық сұраныс азайғанда, жұмысбастылық төмендейді, жұмыссыздық өседі. Сол себепті циклдік жұмыссыздықты кейде «сұраныс тапшылығына байланысты жұмыссыздық» деп атайды. Жасырын жұмыссыздық — өндірісте және мемлекеттік аппаратта артық жұмысшылардың қолданылуы. Қазіргі болмыста олардың жұмыстарын аз жұмыс күшімен атқаруға болады. Фрикциондық жұмыссыздық — адамдар бір жұмыстан бір жұмысқа, бір жерден басқа жерге жұмыс іздеумен ауысуын айтамыз. Маусымдық жұмыссыздық — жұмыс күшінің тек маусымдық кезеңде жұмыс жасауы: бұл кейбір ауыл шаруашылығы өндірісі саласында кездеседі, әсіресе қайта өңдеу өнеркәсібінде.

Жұмыссыздық ұзақтығы туралы мәліметтердің мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін маңызды мәні бар. Егер мақат жұмыссыздық деңгейін қысқарту болса, онда ұзақ мерзімді жұмыссыздық алпы жұмыссыздық ұзақтылығына үлкен әсерін тигізеді. Алайда бұндай саясат өте дәл бағытталған, өйткені ұзақ мерзім бойы жұмыссыз отыратындар барлық жұмыссыздар арасында азшылықты құрайды. Жұмыссыз қалған адамдардың көп бөлігі жұмысты жеткілікті түрде тез табады.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Макроэкономикалық тепе-тендік теориялары
2. Тұтыну, жинақ және инвестициялар. Мультипликатор және акселератор механизмі.
3. Инфляция, дефляция. Түрлері, себептері, нәтижелері. Филлипс қисығы.
4. Жұмыссыздық және оның формалары. көрсеткіштері.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

1 Макроэкономикалық саясаттың негізгі құралдарына не жатады?

- A) фискальды саясат
- B) табыстар мен шығындар саясаты
- C) монетарлы саясат
- D) сыртқы экономикалық саясат
- E) барлық жауап дұрыс

2 Макроэкономикалық деңгейде елдің дамуын сипаттайтын өзара байланысты макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесі- бұл:

- A) ұлттық табыс
- B) ұлттық есептер жүйесі
- C) экономикалық жүйе

D) ұлттық өнім

E) ұлтық шығындар

3 Жиынтық сұраныс көлеміне әсер ететін бағалық факторлар:

A) байлық эффектісі (Пигу эффектісі)

B) проценттік ставка эффектісі(Кейнс эффектісі)

C) айырбас курсының эффектісі (Манделл -Флеминг эффектісі)

D) барлық жауап дұрыс

E) барлық жауап дұрыс емес

4 Жиынтық сұраныс көлеміне әсер ететін бағалық емес факторлар:

A) тұтыну шығындарындағы өзгерістер

B) инвестициялық шығындар

C) мемлекеттік шығындардағы өзгерістер

D) таза экспорт шығындары

E) барлық жауап дұрыс

5 Инфляция себептеріне қайсылары жатады?

A) ақша эмиссиясы

B) мемлекеттік бюджет тапшылығы

C) экономиканың шығындық сипаты

D) кәсіпорындар монополиясы

E) барлық жауап дұрыс

6 Егер кәсіпкерлікке салықтар өссе, онда

A) жиынтық ұсыныс қысқарады, жиынтық сұраныс өзгермейді

B) жиынтық сұраныс қысқарады, жиынтық ұсыныс өзгермейді

C) жиынтық сұраныс та, жиынтық ұсыныс та қысқарады

D) жиынтық ұсыныс қысқарады, жиынтық сұраныс өседі

E) жиынтық ұсыныс та, жиынтық сұраныс та өзгермейді

7 Экономикадағы құлдырау себебінен жұмысын жоғалтқан адам жұмыссыздықтың қандай категориясына кіреді?

A) фрикциондық жұмыссыздық

B) құрылымдық жұмыссыздық

C) циклдық жұмыссыздық

D) маусымдық жұмыссыздық

E) жасырын жұмыссыздық

8 Филлипс қисығы жұмыссыздық деңгейі және ... деңгейі арасындағы байланысты бейнелейді;

A) процент

B) нақты проценттік ставка

C) жиынтық сұраныс

D) инфляция

E) өмір

9 Жиынтық сұраныс дегеніміз не?

A) бағалардың әрбір берілген деңгейінде үй шаруашылығы, фирмалар және үкімет сатып алғысы келетін тауарлар мен қызметтер саны

B) нарықта сатылатын тауарлар мен қызметтердің жалпы саны

C) ашық нарықта мемлекеттік құнды қағаздарды сату

- D) ашық нарықта мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алу
 - E) барлық жауап дұрыс емес
- 10 Инфляция түрлері:
- A) жылжымалы
 - B) қарқынды
 - C) гиперинфляция
 - D) барлық жауап дұрыс
 - E) барлық жауап дұрыс емес

Тақырып 11 Экономиканың циклдық ауытқулары және экономикалық өсу

Нарықтық экономиканың ауытқымалы түрде дамуы. Циклдық ауытқудың сыртқы және ішкі себептері. Экономикалық цикл және оның түрлері. Қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді циклдар. Экономикалық өсу ұғымы. Экономикалық өсу түрлері, жағдайлары, факторлары. Экономикалық өсудің жаңа классикалық және жаңа кейнсшілдік модельдері.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Экономикалық өсу - әлемнің барлық елдерінің алдында тұрған басты проблема. Германия және Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі даму тарихы олардың экономикасының түгелдей дерлік қирағанын көрсетеді. Қазір осы елдер тұрақты экономикалық дамудың үлгісі болып отыр. Экономикалық өсу - бұл ұлттық өнімнің сандық жағынан көбеюі және сапалық тұрғыда жетілуі.

Әрбір елдің үкіметі экономикалық өсу қарқынын ішкі ақша жинауды және инвестицияларды көтермелеу, шетел инвесторларын тарту, меншік құқықтарын сақтау және т. б. жолдармен арттыруға ұмтылады. Капиталдың шоғырлануы оның табыстылығының төмендеуімен қосарлана жүреді. Басқаша айтқанда, экономика неғұрлым көп капиталға ие болса, ол алға қарай аз қайтарыммен өседі. Сондықтан жиналған ақша үлесінің көбеюі алғашқы кезеңде жылдамдырақ дамуға әкеледі де, содан кейін экономика капитал мен еңбек өнімділігі артуының ең жоғары деңгейіне жеткенде баяулай бастайды.

Экономикалық өсу типтері

Интенсивті

Ұлттық өнімнің техника мен технологияны жетілдіру есебінен жетілуі

Экстенсивті

Ұлттық өнімнің өндіріске қосымша өндіріс факторларын тарту есебінен ұлғаюы.

Аралас

Интенсивті және экстенсивті экономикалық өсудің аралас түрі.

Экономикалық өсу факторлары

Сұраныс факторлары

Ұсыныс факторлары

Үлестіру факторлары

Экономикалық өсу модельдері

Харрод-Домар жаңа классикалық моделі

Капитал-экономикалық өсудің жалғыз факторы ретінде қарастырылады

Кейнс моделі


Жинақ=инвестиция ($S=I$)- бұл экономикалық өсудің негізгі шарты болып табылады. Егер $S>I$ болса, босалқы қор пайда болады, жұмыссыздық өседі. Егер $S<I$ болса, инфляция өседі.

Кобб-Дуглас моделі

Экономикалық өсу еңбек өнімділігі мен капиталдың жоғары деңгейінде мүмкін болады.
 $Y=F(L,K)$

Нарықтық экономикаға тұрақсыздық, көтерілу және құлдырау қасиеттері тән, ол экономикалық кезеңді қалыптастырады және экономиканың кезеңділігін анықтайды.

Экономикалық кезең (цикл) - бұл бір экономикалық дағдарыстың басынан екіншісінің басталуына дейінгі кезең, ол экономикада кезең-кезеңмен қайталанатын өрлеу және құлдыраумен сипатталады.



Экономикадағы кезеңділіктің негізгі себептерінің бірі ретінде көптеген экономистер тұтыну мен инвестициялардың өзара қатынастарының ауытқуын атайды.

Экономикалық өсудің кезеңдік ауытқуын Кейнсиан мектебі акселерат принципмен және мультипликационды-акселерациондық механизмнің әрекетімен түсіндіреді.

Экономикадағы кезеңдік ауытқуларға әсер ететін факторлар сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

Сыртқы факторлар — халықтың санының өзгеруі, технологиядағы түпкілікті өзгерістер, соғыстар және саяси оқиғалар. Ішкі факторлар — тұтыну, инвестициялау, үкіметтің қызметі (қазынагерлік және монетарлық саясат арқылы).

Қазіргі даму кезеңіне экономиканың кезеңдік сипатының кейбір ерекшеліктері тән:

1. Кезеңнің мерзімдерінің қысқаруы (орташа 3-5 жыл); 2. Дағдарыстардың әлсіреуі (ЖҰӨ-нің төмендеу тереңдігінің азаюы); 3. Кезең құрылымының өзгеруі (кейбір фазаларының түсуі) немесе олардың уақытша байқалуы. Осы өзгерістерге себепші негізгі фактор экономиканы мемлекеттік реттеу болып табылады.

Дағдарысқа қарсы саясат - бұл мемлекеттің экономикалық белсенділіктің дағдарыс алдындағы құбылуын реттеу және экономикалық дағдарыстардың дамуына жол бермеу жөніндегі шараларының жиынтығы.

Тоқырау және өрлеу - мемлекеттің ерекше бақылауында болатын кезеңдер.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Экономикалық цикл теориялары. Орта мерзімді экономикалық циклдар және олардың фазалары.
2. Экономикалық өсу және оны өлшеу, түрлері және факторлары.
3. Экономикалық өсудің теориялық модельдері. Нарықтық экономикада мемлекеттің ролі.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

1. Капитал экономикалық өсудің жалғыз факторы ретінде қай модельде қарастырылады?

A) Харрод Домар моделі

B) Кейнс моделі

C) Кобб Дуглас моделі

D) Шерман моделі

E) барлық жауап дұрыс емес

2 Экономикалық өсу енбек пен капиталдың жоғары өнімділігінде қамтамасыз етілетіндігі қай модельде қарастырылады?

A) Харрод Домар моделі

B) Кейнс моделі

C) Кобб Дуглас моделі

D) Шерман моделі

E) барлық жауап дұрыс емес

3 Экономикада қайталанып отыратын жандану және дағдарыс процестерімен сипатталатын, бір экономикалық күйзеліс пен екінші экономикалық күйзеліс арасындағы уақыт- бұл:

A) экономикалық жүйе

B) экономикалық цикл

C) қаржы қатынастары

D) экономикалық өсу

E) экономикалық модель

4 Экономикадағы экономикалық ауытқуларға әсер ететін сыртқы факторларға қайсылары жатады?

A) халық санының өзгеруі

B) технологиядағы түпкілікті өзгерістер

C) соғыстар

D) саяси жағдайлар

E) барлық жауап дұрыс

5 Экономикадағы экономикалық ауытқуларға әсер ететін ішкі факторларға қайсылары жатады?

A) тұтыну

B) инвестициялау

C) фискальды саясат

D) монетарлы саясат

E) барлық жауап дұрыс

6 Экономикалық кризистерді болдырмау және алдын алу, экономикалық белсенділікті реттеу бойынша мемлекеттік шаралар жиынтығы- бұл:

A) кризиске қарсы саясат

B) монополияға қарсы саясат

C) инвестициялық саясат

D) әлеуметтік саясат

E) қаржылық саясат

7 Жиынтық сұраныс көлеміне әсер ететін бағалық факторлар:

A) байлық эффектісі (Пигу эффектісі)

B) проценттік ставка эффектісі(Кейнс эффектісі)

C) айырбас курсының эффектісі (Манделл -Флеминг эффектісі)

D) барлық жауап дұрыс

E) барлық жауап дұрыс емес

8 Белгілі бір кезең ішінде ел ішінде өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны:

A) жалпы ішкі өнім

B) жалпы ұлттық өнім

C) ұлттық табыс

D) таза ұлттық өнім

E) жеке табыс

Тақырып 12 Нарықтық экономикадағы мемлекет. Ақша-несие саясаты

Нарықтық шаруашылықтың эволюциясына сәйкес ақша жүйесінің ұғымы және түрлері. Ақша ұсынысы. Ақша ұсынысының компоненттері. Ақша ұсынысының мультипликаторы. Ақшаға сұраныс. Ақша сұранысының әр түрлі тұжырымдамасы. Ақша нарығындағы тепе-тендік. Ақша жүйесі. Несиенің мәні және формалары. Осы күнгі несие жүйесінің құрылымы. Несиенің қызметтері.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Нарықтық экономикада ақша аса маңызды роль атқарады. Ақша айналысы деп тауарларды өткізуді, сондай-ақ қарыз капиталын қамтамасыз ететін ақша қозғалысын айтамыз. Қазіргі кезде дүние жүзінде ақша айналысының әртүрлі жүйелері қалыптасқан. Олар әр мемлекеттің заңдарында бекітілген.

Ақша массасы – ұлттық экономикада қызмет көрсету мен тауар айналысын қамтамасыз ететін қолма-қол және онсыз жүргізілетін төлем құралдарының жиынтығы болып табылады.

Қызметтері:

- қор жинау;

- төлем;

- айналыс құралдары.

Несие экономикалық категория ретінде кәсіпкерлердің, қоғамдық ұйымдардың, бюджеттің уақытша бос ақшаларын бір жерге шоғырландыру арқылы қайтарым, мерзімдік және ақылық принциптер негізінде пайдалану процесінде пайда болатын экономикалық процестерді білдіреді.

Несиенің мәні, қызметтері және формалары

Ұлғаймалы ұдайы өндіріс процессін жүзеге асыру барысында ақша қаржыларын бөлу тек бюджеттік әдіс арқылы ғана емес, несие арқылы да бөлінеді. Яғни, несие қатынастары да ақша қаражаттарын бөлу процесінде маңызды рөл атқарады. Несие әдісінің бюджеттік қаржыландырудан айырмашылығы уақытша бос ақша қаржыларын ұлғаймалы ұдайы қажеттіктеріне қайтарым, мерзімді және шарттар негізінде пайдалануды көздейді.

Несие экономикалық категория ретінде кәсіпкерлердің, қоғамдық ұйымдардың, бюджеттің уақытша бос ақша қаржыларын бір жерге шоғырлау

арқылы қайтарым, мерзімдік және ақылық принциптер негізінде пайдалану процесінде пайда болатын экономикалық қатынастарды білдіреді.

Несиенің негізгі көздері:

Өндірістік қорлардың ауыспалы айналымы мен айналым процесінде кейбір шаруашылық буындарының біреулерінде ақша. Біреулерінде ақша қаржысына деген уақытша қажеттілік туады, ал енді біреулерінде ақша қаржысы артылып қалады.

Мысалы, амортизациялық қор бірқатар жылдар бойы бірте –бірте жиналады, ал тозған негізгі қорларды қалпына келтіретін кезде бірден жұмсалады.

Шикізатты, отынды, материалдарды сатып алу және дайын өнімдерді сату әр түрлі уақытта жүріп жатады. Еңбек ақы төлеуге арналған ақша қаржысының келіп түсу мерзімі оларды жұмсау мерзімімен сәйкес келмейді.

Пайда және одан құрылатын кәсіпорындардың қорлары бірден пайдаланбайды.

Олардың бәрі кәсіпорындарда уақытша бос ақша қаражаттарының құрылуына әкеп соғады.

Сондай –ақ уақытша бос ақша қаражаты мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табысты бөлу процесінде де пайда болады. Бұған бюджет кірісін, оның шығынын арттыру нәтижесінде алынған мемлекеттік ақша резерві.

Бюджетті орындау барысында қаржының бюджетке түсу уақыты мен оларды жұмсау уақыты сәйкес келмейтін қаржыдан құрылатын ағымдағы бюджет ресурстары жатады.

Уақытша бос қаражаттың көзі – халықтың, кәсіпкердің, кәсіпорындардың депозиттегі ақша қаражаттары да жатады.

Сонымен қатар, өндірілген өнімге ақша келіп түскенге дейін жалақы төлеу үшін, жекелеген өнеркәсіп салаларында (жеңіл, тамақ, ағаш) маусымдық өндірістік запастарын жасау үшін уақытша қаржы қажет болады.

Халық шаруашылығында ресурстарды ұтымды пайдалану үшін бос ақша қаражаттарын уақытша қайтару негізінде қайта бөлуді талап етеді. Бұл қайта бөлу банктің несиесі арқылы жүзеге асырылады.

Өндірістік қорлардың ауыспалы айналу процесінде шаруашылықтың кейбір бөлімдерінде ақша қаражаттарына уақытша қажеттілік туса, басқаларында бос ақшалар пайда болады. Несие осы уақытша қайшылықты шешуге көмектеседі. Ол шаруашылық субъектілеріне қажетті ақша қаржыларын процент төлеу, бір мезгілде қайтарылу шарттары негізінде беру арқылы шешіледі.

Несие төмендегідей қызметтер атқарады:

Біріншіден, несие қайта бөлу қызметін атқарады. Несие арқылы жеке адамдардың табыстары, кәсіпорындардың пайдалары, мемлекеттің табыстары қарыз капиталына айналады және олар халық шаруашылығын дамытуға жұмсалады.

Яғни, несиенің көмегімен қорлардың өндіргіш және тауар формаларын ақша формасына айналу процесін жеделдетеді. Соның нәтижесінде өндіріс уақыты және айналыс уақыты қысқарады деген қаржының айналымдылығы да

жеңілдейді. Сонымен, несие өндірісті кеңейту үшін қажет ақша қаржысының бір көзі ретінде әрекет етеді.

Екіншіден, несие айналыс шығындарын үнемдейді. Банктер есепшоттардағы әр түрлі ақшалар, әр түрлі құралдар арқылы (несиелік карточкалар, депозиттік сертификаттар, әр түрлі есепшоттар) пайдаланылады. Көп жағдайда қолма – қол ақшасыз айналыс орын алады.

Үшіншіден, несие капиталдың орталықтандыру және шоғырландыру процестерін жеделдету қызметін атқарады.

Несиенің формаларына банктік жіне коммерциялық несие жатады.

Коммерциялық несие тауарды сатқан кезде оның төлеу мерзімін кейінге қалдыру арқылы пайдаланылады. Оның объектісі ретінде тауарларды атауға болады. Мысалы, қызмет көрсету мен тауарларды өткізуді (сатуды) тездету. Коммерциялық несие формасындағы келісім құжаты ретінде вексель қолданылады.

Вексель құнды қағаздарға жатады. Вексель деген онда көрсетілген соманы белгілеген уақытта оны қарыз берушінің төлеуді талап етуіне құқық беретін құнды қағаз, оның екі түрі бар – аудармалы жіне жай вексельдер.

Банк несиесі банктердің кәсіпкерлерге қарыз ақша формасында беріледі. Несие беруші – банк болып табылады. Банк несиесі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Коммерциялық несие кәсіпорынның резервтік қорымен шектелсе, банк несиеінде, несие беру уақыты да, несиенің сомасы да шектелмейді. Коммерциялық несие, банк несиеіне қарағанда, мысалы, жалақы төлеуге пайдалануға болмайды, ол тек тауарлы формада беріледі.

Несиенің келесі формасы – мемлекеттік несие. Несиенің бұл формасы халықтың мемлекеттік облигацияларды сатып алу арқылы өз өкіметіне қарыз ақшалары. Мемлекеттік қарыздың орнын толтыруда басқа жолдардың болмауына байланысты мемлекет халқынан қарыз ақша алады.

Тұтынушылық несие – жеке тұлғаларға ұзақ мерзім пайдаланылатын тұтыну тауарларды сатып алу үшін үш жылға дейін берілетін несие.

Ипотекалық несие – жылжымайтын мүлікті (жер, құрылыс, үй т.б.) кепілдік негізінде берілетін ұзақ мерзімді несие.

Халықаралық несие – бұл қарыз капиталының халықаралық экономикалық қатынастар аумағындағы қозғалысы. Оны тауарлы немесе ақшалай түрінде басқа елдердің үкіметі, банктері, жеке фирмалары, жеке адамдары бере алады.

Қазіргі кезеңдегі нарық экономикасында несие қатынастарының жаңа формалары лизинг, факторинг, фарфейтинг қолдау табуда.

Лизинг – несиенің ақшасыз формасында берілуі. Машина, басқа өндіріс құрал-жабдықтарының құндарын біртіндеп төлеу негізінде пайдалануға берілетін, арендасының формасы. Лизинг шарты бір жылдан 10-15 жылға дейін саналады.

Факторинг – басқа біреудің қарызын сатып алу. Банк кәсіпорынның қарызын сатып алады, содан кейін борышкерден талап етеді.

Форфейтинг – ұзақ мерзімді факторинг. Бір немесе бес жылдан кейін төленетін төлемдерді банктер сатып алады. Кейін банк сол ақшаны борышкерден талап етеді.

Несие жүйесі. Банктер, олардың түрлері және қызметтері.

Несие жүйесін – қайтару, төлеу арқылы және мерзімділік шарттар негізінде ақша қаржыларын шоғырландыратын, қарыз беретін, несие-қаржы мекемелерінің жиынтығы құрайды.

Мемлекеттік несие жүйесіне банк жүйесі және мамандырылған несие-қаржы институттары кіреді.

Несие жүйесінде жетекшілік орынды банктер атқарады. Банктер-ақша айналымы мен несие қатынастарын қамтитын және есеп айыру, касса операциялары арқылы фирмалардың шаруашылық қызметіне есеп және бақылау жүргізуді жүзеге асыратын мекемелер. Несие орталықтары ретінде, банктер уақытша пайдаланбай жатқан ақша қаржысын әрекет ететін ақша қаржысына айналдырады, халық шаруашылығын тікелей, мақсатты және қайтаруға тиісті қысқа мерзімді несиелеу ісін жүзеге асырады, сондай-ақ халыққа тұтыну қажеттері үшін қарыз береді.

Несие арқылы уақытша бос ақша қаржыларын қайта бөлуді, банктер мына принциптер: мерзімді, мақсатты және ақылы негізінде жүзеге асырады.

Нарықтық экономикада банктердің атқаратын қызметтері:

1. Өндірістік капитал мен ақша капиталы арасындағы несие арқылы делдалдық қызметі;

2. Клиенттер арасындағы банктердің делдалдық қызметі;

3. Депозиттерге бос ақшаларды жұмылдыру және оларды капиталға айналдыру қызметі;

4. Қағаз және металл ақшалар орнына несиенің айналыс құралдарын пайдалану қызметі.

Қазіргі кезде нарық экономикасы дамыған елдерде банк жүйесі екі деңгейден тұрады. Банк жүйесінің бірінші деңгейін орталық банктер құрайды.

Орталық банктер көптеген қызметтер атқарады, соның ішінде:

1. банкнот эмиссиясы,

2. мемлекеттің алтын –валюта резервін сақтау;

3. басқа банктердің және несие мекемелерінің резервтік қорын сақтау;

4. экономиканы ақша-несие арқылы реттеу;

5. коммерциялық банктер несие беру және мемлекеттік мекемелерге қасалық қызмет көрсетеді;

6. коммерциялық банктердің қызметіне бақылау жасау;

Несие жүйесінде орталық банктің негізгі ерекшелігі, ол пайда алу мақсатын көздемейді, бизнес сферасында коммерциялық банктермен бәсекелеспейді, кәсіпорындарға және халыққа қызмет көрсетпейді.

Банк жүйесінің екінші деңгейін коммерциялық банктер құрайды. Олар негізінен халық шаруашылығына қызмет көрсетумен шұғылданады. Экономикадағы уақытша бос ақшаларды шоғырландыру арқылы қосымша

капиталдарға мұқтаж болғандарға уақытша пайдалануға береді. Демек, коммерциялық банктер ақша капиталын жұмылдыру мен жинақтау қызметтерін атқарады. Сонымен қатар, коммерциялық банктер экономикада әр түрлі қаржы қызметтерін көрсете отырып, тиісті пайда табады.

Коммерциялық банктер жарғы капиталына қарай:

Жеке меншік, коллективтік, мемлекеттік, акционерлік, көрсетілетін қызметтеріне қарай деп бөлінеді.

Коммерциялық банктер көрсетілетін қызметтеріне қарай мына түрлерге бөлінеді:

- **депозитті банктер** – депозиттер және ссуда бойынше клиенттерге қызмет көрсетеді.

- **Инвестициялық банктер** ұзақ мерзімге экономиканың өндіріс секторын күрделі қаржымен қаржыландырады. Бұл банктер ақша қаржыларын фирмалардың құнды қағаздарына немесе халық шаруашылығының нақты салаларына жұмсайды.

- **Ипотекалық банктер** – жеке және юридикалық тұлғаларға жылжымайтын мүлікті кепілдік негізінде ұзақ мерзімді несие беруге мамандырылған банк мекемелері.

Банктердің операциялары пассивті және активті болып бөлінеді.

Пассивті операцияларына жеке және юридикалық тұлғалардың бос ақша қаржыларын шоғырлау жатады. Бұндай операциялардың нәтижесі банк ресурстарын құру болып табылады.

Банктің өз ресурстары банктің пайдасынан құрылады. Тартылған қаржыларға клиенттердің салымдары немесе депозиттер датады. Қарызға алынған қаржыларға басқа банктерден алынған несиелер жатады.

Активтік операцияларға банктердің қаржыларды таратып орналастыру операциялары жатады. Банктің активті операцияларына:

- Фирмаларға, кәсіпорындарға ссуда беру;

- Ссуданы кепілдікке беру;

Несие жүйесінде маманданған несие-қаржы институттары ерекше орын алады. Оларға зейнетақы қорлары, инвестициялық, қаржы және сақтандыру компаниялары, ломбардтар мен несие кооперациялары және т.б. кіреді. Бұлар банк жүйесіне жатпағанымен, банктердің көптеген қызметтерін атқарады және банк сферасының қолы жетпейтін экономикалық нышанын қамтиды.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Ақша жүйесінің түсінігі.эволюциясы және түрлері.
2. Ақша сұранысы және ұсынысы.
3. Ақшаның сандық теориясы,ақша айналымының заңы.
4. Несие мәні және формалары. ҚР-дағы несие жүйесі.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

1 Әрбір елде тарихи түрде қалыптасқан, заңмен реттелетін ақша айналымын ұйымдастыру формасы:

- A) Ақша массасы
- B) Ақша агрегаттары
- C) Ақша жүйесі
- D) Ақша бірлігі
- E) Ақша жүйесінің институттары

2 Жинақ, айналым құралдарының функциясын орындайтын қолма-қол және қолма-қолсыз формадағы барлық ақшалардың жиынтығы-бұл:

- A) ақша массасы
- B) ақша бірлігі
- C) эмиссиялық жүйе
- D) ақша түрлері
- E) баға масштабы

3 М1 ақша агрегаты нені қамтиды

- A) қолма-қол ақшалар және чек салымдары
- B) чектік емес жинақ салымдары және шағын жедел салымдар
- C) ірі жедел салымдар және шағын жедел салымдар
- D) чек салымдары және чектік емес жинақ
- E) барлық жауап дұрыс емес

4 Ақша айналымын реттейтін мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер:

- A) ақша массасы
- B) ақша бірлігі
- C) эмиссиялық жүйе
- D) ақша жүйесінің институттары
- E) баға масштабы

5 Ақша функциялары:

- A) құн өлшемі
- B) айналым құралы
- C) жинақ құралы
- D) әлемдік ақшалар
- E) барлық жауап дұрыс

6 Ақшалардың бір қолдан екінші қолға өту жылдамдығы қалай аталады?

- A) ақша құны
- B) ақша массасы
- C) ақша жүйесі
- D) ақша айналымының жылдамдығы
- E) барлық жауап дұрыс емес

7 Алтынның демонетизациясы нені білдіреді?

- A) ақшаның «бүлінуі»
- B) ақшаның тозуы
- C) алтынның ақша ролін жоғалтуы
- D) алтын монеталарының шығарылуы
- E) алтын монеталық стандарт

8 Қайтарымдылық және пайыз төлеу шарттарында, ақшалай және тауарлы формада берілетін ссуда - бұл:

- A) несие
- B) пайыз
- C) капитал
- D) ақша
- E) ақша массасы

8 Несиелендіру принциптері:

- A) жеделділік
- B) қайтарымдылық
- C) төлемділік
- D) материалды қамтамасыз ету
- E) барлық жауап дұрыс

9 Несиелік кеністіктің сипаты бойынша несиелер қандай түрлерге бөлінеді:

- A) банктік
- B) ипотекалық
- C) коммерциялық
- D) мемлекеттік
- E) барлық жауап дұрыс

Тақырып 13 Қаржы жүйесі

Қаржы жүйесінің мәні және құрылымы. Мемлекеттік бюджет: ұғымы және құрылымы. Мемлекеттік шығындардың өнім шығаруға ықпалы. Мемлекеттік шығындардың мультипликаторы. Салықтар. Салық салудың негіздері мен формалары. Салық мультипликаторы. Лаффер қисығы. Бюджет тапшылығы. Активті және пассивті тапшылықтар. Тапшылықты қаржыландыру әдістері. Бюджет тапшылығын реттеу және қаржыландыру тұжырымдамасы. Ішкі және сыртқы мемлекеттік қарыз. Мемлекеттік қарыздың елдің экономикалық дамуына ықпалы.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Жалпы ұлттық өнімді өндіру, бөлу және пайдалану процесінде, ақша, тауар айналысынан оқшауланып, дербес қозғалыста болады. Соның негізінде, біріншіден, ақша айналысы және екіншіден мемлекеттің, халықтың, шаруашылық субъектілерінің ақша қорлары құрылады. Ерекет ету, пайдалану әдістеріне қарай қаржы формасына ие болады.

Ақша қорларын құру, бөлу және пайдалану туралы мемлекеттер арасындағы, мемлекетпен заңды және жеке тұлғалар арасындағы пайда болатын экономикалық қатынастар жүйксіп қаржы деп атайды.

Қаржының мәні оны атқаратын қызметтерінен көрінеді. Оларды іріленген төрт топқа бөлуге болады: бөлу, реттеу, бақылау, ынталандыру және фискальды.

Қаржының бөлу қызметі қоғамдық өндірістің әр түрлі сфералары арасында ұлттық табысты, жалпы ұлттық өнімді бөлу және қайта бөлу

процесімен байланысты. Мемлекет салықтар арқылы өндіріс және әлеуметтік салаларды дамыту мақсатында кәсіпорындардың, фирмалар пайдаларының, азаматтарының табыстарының бір бөлігін бөледі және қайта бөледі.

Қаржының бақылау қызметі қоғамдық өндірістері меаро-микроэкономикалық процестерді реттейтін маңызды құрал ретінде көрінеді.

Қаржының ынталандыру қызметі ғылыми-техникалық прогресстің дамуын ынталандырады, сондай-ақ салық ставкаларын реттеу арқылы мемлекеттік кейбір өндірістерді және салаларды жедел дамуына жұмыс орындарының көбеюіне жағдай жасайды.

Қаржының фискальды қызметі салықтар арқылы кәсіпорындардың және азаматтардың табыстарының бір бөлігін мемлекет аппараты, елдің қорғанысы және өндіріс емес сфералары қаржыландыру болып табылады.

Қоғамдағы ақша қорларын құру, бөлу және пайдалану процесіне туатын экономикалық қатынастар қаржы қатынастарын құрайды.

Қаржы қатынастары кез келген елде мемлекетпен заңды және жеке тұлғалар жеке және заңды тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке мемлекеттер араларынла қатынасады.

Ұлттық экономика шеңберіндегі қаржы қатынастарының жиынтығы мемлекеттік қаржы жүйесін құрайды. Ол орталықтанған (мемлекеттік) және орталықтанбаған (мемлекеттік емес) қаржылардан құрылады.

Орталықтанған қаржылар – қаржы жүйесінің басыт бөлігі. Оған мемлекеттік бюджет жүйесі (мемлекеттік несие, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, мемлекеттік және жеке мүліктік сақтандыру) кіреді.

Орталықтанбаған қаржыларды шаруашылық субъектілердің және халықтың қаржылары құрайды.

Сонымен қатар өндірістің салалы ерекшеліктеріне қарай қаржы жүйесі өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылық, білім, ғылым, денсаулық сақтау және т.б. қаржыларына бөлінеді.

Мемлекеттік қаржы – қаржы жүйесінде маңызды орын алады. Мемлекеттік қаржы – мемлекеттің қызметін (халық шаруашылығын басқару, қорғаныс, әлеуметтік сфера және т.б.) қаржыландыруға арналған ақшалай қорлар жүйесі. Мемлекеттік қаржы және басқа қаржы ресурстарын жұмылдыру механизмін де қамтиды.

Шаруашылық субъектілердің қаржылары экономиканың алғашқы буынының деңгейіндегі ұдайы өндіріс және өндіріс процесін қамтамасыз ететін ақша қорларының жүйесі болып табылады.

Халықтың қаржысы – халықтың еңбегі және басқадай қызмет етуінің нәтижесінде құралатын ақша қорлары. Халық бұл қорларды өз меншігін және материалдық жағдайларын ұлғайту мақсатында пайдаланылады. Сонымен қатар, жұмылдыру механизмі (салық, зейнеткерлік және сақтандыру жүйесі, кеден, ренталық және басқа да төлемдер) халық қаржысына және шаруашылық субъектілердің қаржысына бағытталған.

Қаржы жүйесін ұйымдастыру принциптері әр түрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ, кооперативті, акционерлік кәсіпорындарды, жеке кәсіпкерлікті, шаруа қожалықтарының дамуына жағдай жасау. Осы шаруаларды жүзеге

асырудағы мемлекеттің негізгі міндеті тиісті құқықтық база құруды, кәсіпкерлерге салық жағынан жеңілдік жасауды, несие жағынан да жеңілдіктер беруді көздейді.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Қаржы жүйесінің мәні және құрылымы, қаржы қатынастары.
2. Мемлекеттік бюджет, құрылымы, мемлекеттік шығындар мультипликаторы.
3. Салық жүйесі; салық түрлері. Лаффер қисығы.
4. Бюджет тапшылығы, ішкі және сыртқы қарыз, бюджеттік саясат.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

- 1 Мемлекеттің бюджеттік саясатының негізгі құралдары:
 - A) салықтар
 - B) дисконттық саясат
 - C) құнды қағаздар нарығындағы операциялар
 - D) ақша – несие саясаты
 - E) A және C жауаптары дұрыс
- 2 Трансферттік төлемдер- бұл:
 - A) үй шаруашылықтарына төленетін төлемдер
 - B) жеке адамдарға үкімет беретін төлемдер
 - C) ұлттық табысқа кірмейтін табыс компоненті
 - D) корпорация пайдасына кіретін табыс компоненті
 - E) фирма пайдасынан бөлінетін ақшалай көмек
- 3 Аталғандардың қайсысы экономиканы тікелей реттеу элементіне жатады?
 - A) монополияға қарсы заңдылықты қабылдау
 - B) есептік саясат
 - C) салықтық реттеу
 - D) бюджет саясаты
 - E) ақша – несие саясаты
- 4 Аталғандардың қайсысы экономиканы жанама реттеу элементіне жатады?
 - A) еңбекақының минимальды деңгейін тағайындау
 - B) монополияға қарсы заңдылықты қабылдау
 - C) денсаулыққа зиянды тауарлар өндірісіне тиым салу
 - D) салықтық реттеу
 - E) инфляцияға қарсы саясат
- 5 Нарықтық экономикадағы салық қызметі
 - A) мемлекеттік табыстарды жинау
 - B) қайта бөлу
 - C) реттеу
 - D) барлық жауап дұрыс
- 6 Прогрессивті, регрессивті, пропорционалды – бұл ненің түрлері?
 - A) ақша
 - B) инфляция
 - C) салық

Д) инвестиция

Тақырып 14 Макроэкономикалық саясат және оның модельдері

Халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайы. Халық табысы. Халықтардың табыстарының деңгейін анықтау. Номиналды және нақты табыс көрсеткіштері. Қоғамдық табыстар. Табыстарды бөлудегі теңсіздік. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Табыстарды индексстеу. Джинни коэффициенті. Күнкөріс минимумының нақты деңгейі. Лоренц қисығы. Тұтыну қоржыны.

Негізгі түсініктер және анықтамалар


Халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайы алдымен қоғамның әр мүшесінің алатын табыстарының деңгейіне байланысты болады. **Табыстар** деп адамның тиісті бір мезгілде табатын ақша-қаражатының сомасы айтылады.

Табыстардың негізгі көздеріне жалақы, пайда, дивиденд, паыз, рента, әлеуметтік төлемдер: зейнетақы, жәрдем ақының әр түрлері, сондай-ақ, көлеңкелі экономиканың табыстары жатады.

Халықтардың табыстарының деңгейін анықтау үшін номиналды және нақты табыс көрсеткіштері пайдаланылады.

Номиналды табыс жеке адамдардың бір мезгіл ішінде алатын ақшалары. Ұлттық табыстан міндетті төлемдерді және салықтарды шегеріп тастағаннан кейін қалған табысты қолда бар табыс деп айтады. Нақты табыс деп адамның қолда бар табысына сатып ала алатын тауарлар мен қызмет көрсету саны.

Бірақ та, қоғамдық табыстардың құрылу принциптеріне бір болмағанымен табыстардың теңсіздік шарттары сақталады.



Сурет 1. Лоренц қисығы

Табыстардың теңсіздік дәрежесін анықтау үшін дүние жүзілік практикада Лоренц қисығы қолданылады (сурет 1).

Көлденең сызығында халық санының пайызын, тік сызықта табыс пайызын белгілейік. Егер халықтың барлық топтарының табысы бірдей болса, онда халықтың 20%-на 20% табыс келеді. Онда ОЕ табыстың абсолюттік теңдігін көрсетеді. Ал үшбұрыш (ОЕQ) табыстың абсолютті теңсіздігін көрсетеді. Лоренц қисығы ABCDE ОЕ сызығынан алыстаған сайын қоғамдағы табыстардың дұрысбөлінбейтінін көрсетеді.

Егер табыстардың шын мәнінде бөлінуі, Лоренц қисығымен анықталса, теңсіздік дәрежесі Джинни коэффициентімен есептеледі. Джинни коэффициенті ОЕДСВА көлемінің бұрышының ОЕQ көлеміне қатынасы арқылы анықталады. Джинни коэффициенті неғұрлым үлкен болса, соғұрлым табысты бөлуде теңсіздік жоғары болады.

Табыстарды бөлудегі теңсіздік барлық елдерге тән құбылыс. Сондықтан, осы құбылыстың әлеуметтік салдарын жеңілдету үшін қоғам халықтың кейбір топтарын әлеуметтік қорғау мәселесін шешумен шұғылданады.

Мемлекеттің әлеуметтік қорғау механизміне жататындар мыналар: тиімді жұмысбастылық жүйесін қамтамасыз ету, күнкөріс минимумының нақты деңгейін ресми анықтау, тұтынушыларды қорғау, табыстардың орнын толтыру, бейімдеу және индекстеу. Сондай-ақ кедей адамдарға қоғамдық тұтыну қорынан әлеуметтік адрестік көмек көрсету. Әлеуметтік шаралар активті және пассивті болады. Әлеуметтік қорғаудың активті формасында жаңа жұмыс орындарын ашуды, кадрларды даярлау және қайта даярлау жатады. Пассивті формасына жәрдем ақы және мемлекеттің беретін ақшалай қаржыларын жатқызуға болады.

Әлеуметтік қорғаудың негізгі формасы табыстарды индекстеу болып табылады. Ол негізінен бюджет сферасында жұмыс істейтіндердің табыстарының орнын толтыруға бағытталған. Ол үшін тұтыну құндардың индексінен және тұтыну қоржынынан тұратын белгілі жиынтық тауарлар тарифы пайдаланылады. «Тұтыну қоржыны» рационалды және минималды деп бөлінеді. Егер халықтың табысы минималды «қоржынның» құнынан төмен болса, онда ондай адамдар кедейшілік өмір сүрушілер тобына жатқызылады.

Тұтыну қоржыны дегеніміз не? Бұл адамдардың өмір сүруіне қажетті тауарлар мен қызметтердің және басқа да игіліктердің жиынтығын білдіретін ұғым.

Тұтыну қоржынының көлемінің, құрылымын қалай анықтауға болады? Медицина ғылымдарының айтуынша, адам организмінің дұрыс жұмыс істеуі үшін тәулігіне 2344 килокалорий мөлшерінде күш-қуат қажет. Ал, бұған жету үшін белгілі көлемде тамақ өнімдері қажет. Осы тұтыну қоржынының құнына киім-кешек, рухани қажеттіліктердің құны да кіреді.

Тұтыну қоржынына кіретін тауарларды анықтап, еңбекшілердің табыстары мен шығындарын, тұтыну тауарлары мен қызмет көрсету бағаларының өсуін ескере отырып, республикада халықтың ақшалай табыстары индекстелініп отырады. Индекстеуге материалдық емес өндіріс саласындағылардың табыстары (мұғалім, дәрігер) зейнетақы және тағы да басқа әлеуметтік төлемдер жатады.

Дүние жүзілік практика көрсетіп отырғандай, бюджеттік мекемелерінің қызметкерлерінің табыстары екі индекс негізінде - өндіріс саласындағы жалақының өсу индексі және тұтыну бағалары негізінде индекстелінеді.

Тұтыну қоржыны минималды тұтыну бюджетін есептеу үшін қолданылады.

Минималды тұтыну бюджеті (күнкөріс минимумының мөлшері) жалақының ең аз мөлшерін анықтауға пайдаланылады. Күнкөріс минимумы жанұяның ең аз қажетті материалдық игіліктерінен құрылады.

Күнкөріс минимумының мөлшері халықтың өмір сүру деңгейін анықтайтын көрсеткіш.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Консервативті емес модель және монетаризм моделі. Кейнс моделі.
2. Консервативті емес модель және монетаризм моделі.
3. Рационалды күтімдер теориясы.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

1 Мемлекеттің бюджеттік саясатының негізгі құралдары:

- A) салықтар
- B) дисконттық саясат
- C) құнды қағаздар нарығындағы операциялар
- D) ақша – несие саясаты
- E) A және C жауаптары дұрыс

2 Макроэкономикалық деңгейде елдің дамуын сипаттайтын өзара байланысты макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесі- бұл:

- A) ұлттық табыс
- B) ұлттық есептер жүйесі
- C) экономикалық жүйе
- D) ұлттық өнім
- E) ұлттық шығындар

3 Макроэкономикалық саясаттың негізгі мақсаттарына не жатады?

- A) өндірістің жоғары қарқынын қамтамасыз ету
- B) жұмысбастылықтың жоғары деңгейі, жұмыссыздықты төмендету
- C) бағалар тұрақтылығы
- D) халықаралық саудада экспорт пен импорттың тепе теңдігі
- E) барлық жауап дұрыс

4 Макроэкономикалық саясаттың негізгі құралдарына не жатады?

- A) фискальды саясат
- B) табыстар мен шығындар саясаты
- C) монетарлы саясат
- D) сыртқы экономикалық саясат
- E) барлық жауап дұрыс

5 Жиынтық сұраныс көлемінің динамикасына әсер ететін бағалық факторлар:

- A) байлық эффектісі
- B) проценттік ставка эффектісі

С) айырбас курсының эффектісі

Д) бағалар деңгейі

Е) барлық жауап дұрыс емес

6 Жиынтық сұраныс көлемінің динамикасына әсер ететін бағалық емес факторлар:

А) тұтыну шығындарындағы өзгеріс

В) инвестициялық шығындардағы өзгеріс

С) мемлекеттік шығындардағы өзгеріс

Д) экспорттың таза көлемінің шығындарындағы өзгеріс

Е) барлық жауап дұрыс

7 Жиынтық сұраныс дегеніміз не?

А) бағалардың әрбір берілген деңгейінде үй шаруашылығы, фирмалар және үкімет сатып алғысы келетін тауарлар мен қызметтер саны

В) нарықта сатылатын тауарлар мен қызметтердің жалпы саны

С) ашық нарықта мемлекеттік құнды қағаздарды сату

Д) ашық нарықта мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алу

Е) барлық жауап дұрыс емес

8 Инвестиция көлеміне не әсер етеді?

А) проценттік ставка деңгейі

В) кәсіпкерлердің күтімдері

С) технологиялық өзгерістер деңгейі

Д) өндірістік қуаттылықтардың жұмыс жасау деңгейі

Е) барлық аталғандар

9 Жиынтық сұраныс қисығының оңға қарай жылжуы ненің нәтижесі болып табылады ?

А) проценттік ставканың өсуі

В) табысқа салынатын салық ставкаларының төмендеуі

С) ұсынылатын тауар көлемінің ұлғаюы

Д) мемлекеттік шығындардың өсуі

Е) В және D жауаптары дұрыс

10 Бағалар индексі не үшін қолданылады?

А) берілген жылда және алдыңғы жылда өндіріс құрылымының айырмашылықтарын айыру үшін

В) екі әр түрлі кезеңде «тауарлы карзинаның» нарықтық құнындағы айырмашылықтарды айыру үшін

С) екі елдің бағаларының айырмашылықтарын бағалау үшін

Д) көтерме және жеке бағалардың айырмашылықтарын бағалау үшін

Е) екі елдің өмір сүру деңгейі арасындағы айырмашылықтарды бағалау

Тақырып 15 Дүниежүзілік шаруашылықтың объективті негіздері

Экономикалық дамудың халықаралық аспектілері. Дүниежүзілік шаруашылық түсінігі. Халықаралық еңбек бөлінісі және оның формалары. Халықаралық экономикалық байланыстыр және олардың негізгі формалары. Халықаралық сауда. Халықаралық капитал миграциясы. Халықаралық

валюталық қатынастар. Халықаралық экономикалық интеграция. Халықаралық жұмыс күші қозғалысы.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Әлемдік шаруашылық - елдердің ұлттық шаруашылықтары әр түрлі байланыстармен (экономикалық, техникалық, ғылыми, мәдени, т. б.) халықаралық еңбек бөлінісі негізінде біріктірілген ғаламдық экономика.

Халықаралық еңбек бөлінісі - бұл әлем елдерінің қандай да бір өнім түрін өндіруге мамандануы және оны дамытуға анағұрлым қолайлы жағдайы болуы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

- Халықаралық сауда
- Халықаралық валюталық қатынастар
- Капитал шығару және халықаралық несие
- Халықаралық жұмыс күші миграциясы
- Ғылым мен техника саласындағы халықаралық алмасу

Халықаралық сауда- бұл халықаралық еңбек бөлінісіне негізделген және экспорт пен импорт арқылы жүзеге асатын халықаралық экономикалық қатынастар формасы.

Халықаралық сауданың көлем көрсеткіштері:

- сыртқы сауда айналымы = Экспорт + Импорт;
- сауда балансы (сауда балансы айырмасы) = Тауарлар экспорты мен импорты айырмасы.

Белсенді сальдо — экспорттан түскен табыс сомасының импортқа кеткен шығыннан артық болуы.

Енжар сальдо — импортқа кеткен шығын сомасының экспорттан түскен табыстан артық шығуы.

- Экспортты квота — экспорт шектеулі болған жағдайда экспортқа шығаруға рұқсат етілетін тауарлар саны.

- Экспортты әлует — белгілі бір елдің әлемдік рынокта өз экономикасына шығын келтірмей сататын өнім үлесі.

Халықаралық сауданың тиімділігі екі түрлі көзқараспен бағаланады:

1. Абсолютті артықшылықтар теориясы: белгілі бір ел қандай да бір тауар өндіруде басқа елмен салыстырғанда абсолютті артықшылықтарға ие (климаттық, географиялық, технологиялық, т. б.) деп есептеледі (егер ол бұл тауарды аз шығынмен өндіретін болса).

2. Салыстырмалы түрдегі артықшылықтар теориясын ХІХ ғасырдың басында Д. Рикардо ойлап шығарды:

Егер қандай да бір елдің өнімнің барлық түрін аз шығынмен өндіру мүмкіндігі болса немесе тіптен болмаса, онда өндіріс пен саудадағы мамандандырудың салыс-тырмалы түрдегі артықшылықтары әрекет ете бастайды. Егер елдер арасындағы шығынға қатысты айырмашылықтарды ескерсек, онда белгілі бір ел әлеуетті серіктесіне

қарағанда бұл тауарды баламалы аз шығынмен өндірген жағдайда тауар өндіруде салыстырмалы артықшылыңтарға ие болады.

Капитал шығару - басқа елдерге тиімді орналастыру және пайдалану мақсатындағы капитал экспорты. Халықаралық жұмыс күші миграциясы — жұмысқа

қабілетті халықтың ұлттық шекарадан тыс жерлерге орналасуы.

Миграциялық айырма — шетелге кеткен адамдар (эмигранттар) саны мен шетелден осы елге келген (мигранттар) саны арасындағы айырма.

Миграцияның экономикалық себептері:

- кәсіби біліктілігі төмен жұмыс күшіне сұраныстың төмендеуі және ұсыныстың өсуі;

- дамушы елдерде кәсіби біліктілігі жоғары мамандарға сұраныстың өсуі;

- жалақыдағы мемлекетаралық айырмашылықтар.

Халықаралық сауда және қаржы операцияларында әр түрлі ұлттық валюталар қолданылады.

.Валюта жүйесі — валюталардың, оларды пайдалану, ауыстыру, төлем құралы ретінде қолдану ережелері мен нормаларының жиынтығы.

Валюта бағамының (алмастыру) үш негізгі жүйесі бар:

- бекітілген бағам - бір ел өз ақша бірлігінің алтын (долларлық) құрамын белгілейді, осылайша өз валютасы мен басқа елдердің валюта алмастыру бағамын анықтайды. Ел ұлттық валютаның тіркелген бағамын ұстап тұру үшін өз інетел валютасы резервтерін немесе алтынды сатып алу-сату резервтерін пайдаланады;

еркін құбылмалы бағамдар ұсыныстар мен сұраныстар негізінде анықталады және өз валютасының құнына мемлекеттің ешқандай ықпал етуін болдырмайды. Валюта бағамдарының еркін ауытқуы тапшылықты және төлем баланстарының активтерін автоматты түрде реттейді;

- басқарылатын құбылмалы валюта бағамдары жүйесі әр түрлі елдер орталық банктерінің валюта бағамдарының қысқа мерзімді және елеулі ауытқуларын (көбінесе алып-сату операциялары әсерінен) деңгейлестіру үшін ашық рыноктарда шетел валютасын сатып алуын және сатуын қарастырады.

Валюта басқыншылығы дегеніміз - шетел валютасын сатып алу-сату.

Бір ел резиденттері мен басқа мемлекеттер резиденттері арасындағы барлық мәліметтер осы елдің төлем балансында көрініс береді.

Талқылауға берілетін сұрақтар

1. Экономиканың интернационализациясы.
2. Дүниежүзілік шаруашылық және оның сипаттамасы.
3. Мемлекеттердің экономикалық интеграциясы.
4. Экономиканың ғаламдануы.

Тақырып бойынша тест сұрақтары

1 Төменде аталған интеграциялық топтардың ішінде қайсысы шығыс еуропалық болып табылады?

- A) НАФТА
- B) МЕРКОСУР
- C) вышеград тобы
- D) ЕАСТ
- E) барлық жауап дұрыс

2 90-ші жылдардағы валюталық қатынастардың шиеленісуінің нәтижесінде жүйеден қай елдің валюталық курсы шықты?

- A) Португалия және Франция
- B) Франция және Италия
- C) Италия және Ұлыбритания
- D) Португалия және Испания
- E) Германия және Бельгия

3 Батыс Европадағы ауылшаруашылық өнімдерінің ірі өндірушісі

- A) Франция
- B) Испания
- C) Ұлыбритания
- D) Германия
- E) Австрия

4 ЖІӨ - амортизация =

- A) таза ЖІӨ
- B) ұлттық табыс
- C) ЖҰӨ
- D) жеке табыс
- E) барлық жауап дұрыс емес

5 Әлемдік экономиканың жетекші елдері:

- A) Ресей, Жапония, АҚШ
- B) ФРГ, Ұлыбритания, Франция
- C) АҚШ, ФРГ, Жапония
- D) Бразилия, Корея, Біріккен Араб Эмираттары
- E) барлық жауап дұрыс емес

6 Әлемдік шаруашылықтың негізгі ұйымдастырушылық күші:

- A) әлемдік нарықтар
- B) трансұлттық корпорациялар
- C) халықаралық экономикалық ұйымдар
- D) трансұлттық банктер
- E) барлық жауап дұрыс

7 Ғаламдық проблемаларға қайсысы жатпайды?

- A) валюталық курстардың жоғарылауы немесе төмендеуі
- B) демографиялық проблема
- C) соғыс және бейбітшілік проблемасы
- D) экологиялық проблема
- E) барлық жауап дұрыс

8 Төлем балансының активті сальдосы не үшін қолданылады?

- A) сыртқы қарызды жабу үшін
- B) шетелдік мемлекеттерге несие беру үшін
- C) алтын валюталық резервтерді ұлғайту үшін
- D) барлық жауап дұрыс
- E) барлық жауап дұрыс емес

9 Басқа валюталардың жиынтығына қатысты бір валютаның орташа салмақталған курсы өлшеу әдісі қалай аталады?

- A) валюталық курс
- B) валюталық корзина
- C) ұжымдық валюталық резервтік бірлік
- D) барлық жауап дұрыс
- E) барлық жауап дұрыс емес

10 Халықаралық валюта қорының капиталы ненің есебінен қалыптасады?

- A) аукциондарда алтынды сату
- B) мұнай өндіруші елдердің құралдары
- C) Біріккен ұлттар ұйымының құралдары
- D) мүше елдердің үлесінен
- E) транұлттық корпорациялардың құралдарынан

"Экономикалық теория негіздері" пәні бойынша реферат тақырыптары

1. Құн және баға-экономикалық категориялар ретінде.
2. Экономикалық жүйелерді талдаудың цивилизациялық және формациялық көзқарастары.
3. Экономикалық теория-ғылыми пән ретінде.
4. Классикалық экономикалық теория.
5. Марксизм экономикалық теориясы.
6. Экономикалық теорияның қазіргі мектептері мен бағыттары.
7. Экономиканың фундаментальды проблемалары және оларды әр түрлі экономикалық жүйелер шеңберінде шешу.
8. Меншік-экономикалық категория ретінде.
9. Нарықтық құрылымдардың негізгі түрлері.
10. Нарықтық баға құрылымы.
11. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу.
12. Еңбек нарығы және жұмыссыздық.
13. Капитал нарығы.
14. Жер нарығы және жер рентасы.
15. Нарықтық экономикада кәсіпкерліктің мәні және ролі.
16. ҚР-да шағын және орта бизнестің дамуы.
17. ҚР-да нарықтық экономиканың қалыптасуы және дамуы.
18. Макроэкономикалық тепе-тендік және оны қамтамасыз ету факторлары.
19. Экономикалық циклдар және кризистер.
20. Макроэкономикалық тепе-тендіктің негізгі модельдері.
21. Ұлттық өндіріске тұтынудың және жинақтың әсері.
22. Инфляция және инфляцияға қарсы саясат.

23. Ақша және ақша айналысы.
24. Табыстар және олардың қалыптасу көздері.
25. Құнды қағаздар нарығы және оның ҚР-да қалыптасуы.
26. Кәсіпорын- экономика субъектісі ретінде
27. Қаржы жүйесі және қаржы қатынастары.
28. ҚР-ның ақша-несие жүйесі.
29. Әлеуметтік саясат және оның ҚР-да мәні.
30. Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты.
31. Нарықтық инфрақұрылым.
32. Нарықтық экономикада бәсекелестіктің ролі.
33. Әлемдік экономикада Қазақстанның алатын орны.
34. ҚР-ның қаржы жүйесі.
35. Нарық жағдайында фирманы басқару.
36. Тауар және қызмет көрсету нарығы.
37. Нарықтың кешенді дамуы.
38. Ұлттық экономиканың құрылымы.
39. ҚР-ның салық жүйесі.
40. ҚР-ның мемлекеттік бюджеті.
41. Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстары.
42. Экономикалық дамудың ғаламдық проблемалары.
43. ҚР-ның экономикалық даму стратегиясы.
44. Экономикалық кризистер.
45. Табыстар және Қазақстандағы өмір сүру деңгейі.
46. Экономиканың аграрлы секторының дамуы.
47. Трансұлттық корпорациялар және олардың әлемдік нарықта өзара қызметі.
48. Қазіргі ГТР :негізгі сипаттамасы және басты бағыттары.
49. Экономикалық теорияның пәні және функциялары.
50. Қоғамның өндірістік мүмкіндіктері. Экономикалық тиімділік.
51. Экономиканы ғылыми тану әдістері.
52. Меркантилизм-экономикалық ғылымдағы алғашқы мектеп ретінде.
53. Классикалық политекономия. А.Смит және Д.Рикардоның экономикалық мұралары.
54. Экономикалық теориядағы Кейнс революциясы.
55. Қазіргі монетаризм және оның экономикалық теориядағы ролі.
56. Институционалды экономикалық теория
57. Экономикалық ресурстар және олардың шаруашылық процестегі ролі.
58. Экономикалық қажеттіліктер және игіліктер. Қажеттіліктердің өндіріспен ара-қатынасы. Экономикалық игіліктердің айналымы.
59. Позитивті және нормативті экономикалық ғылым.
60. Қоғамдық шаруашылықтың негізгі формалары: натуралды және тауарлы.
61. Айырбас процесінің дамуы. Ақшаның пайда болуының альтернативті теориялары.
62. Тауар және оның қасиеттері. Тауар құнының альтернативті теориялары.
63. Ақшаның мәні және функциялары. Ақша айналымының заңы. Инфляцияның және ақша айналымының өзара байланысы.

64. Қазіргі экономиканың модельдері.
65. Экономикалық өсудің стадиялар теориясы.
66. Өтпелі экономикаға тән белгілер.ҚР-да экономикалық реформаның негізгі бағыттары.
67. Экономикалық және құқықтық мағынадағы меншік.Меншік құқығының экономикалық теориясы.
68. ҚР-дағы жекешелендіру: формалары,кезеңдері және нәтижелері.
69. Нарық-әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі ретінде.
70. Бәсекелестік-нарықтық механизм элементі ретінде. Бәсекелестік түрлері.
71. Нарықтық инфрақұрылым: түсінігі және негізгі элементтері.
72. Жетілген бәсекелестік нарығы және оның негізгі белгілері.
73. Жетілмеген бәсекелестік механизмі және түрлері.Монополия формалары және олардың қызмет ету механизмі.
74. Сұраныс және ұсыныс икемділігі.
75. Тұтынушы тәртібі.
76. Кәсіпкерлік-нарықтық экономиканың қозғаушы күші ретінде.
77. Нарықтық экономикадағы фирмалардың ролі.Фирмалардың классификациясы.
78. Кәсіпорын капиталының айналымы.Негізгі және айналымды капитал.Амортизация.
79. Фирма шығындарының құрылымы.Тұрақты,өзгермелі және жалпы шығындар.
80. Фирма табысы: жалпы,орташа және шекті табыс.Шығындарды минимизациялау және пайданы көбейту.
81. Еңбек нарығы және енбекақының қалыптасуы.
82. Капитал нарығы және несиелік пайыздың қалыптасуы.
83. Жер ресурстарының нарығы және жер рентасы.
84. Инвестициялар және олардың түрлері.Қазақстанның инвестициялық саясаты.
85. Жалпы ұлттық өнім және оны есептеу әдістері.ЖҰӨ модификациясы.
86. Ұлттық есептер жүйесінің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері және олардың өзара байланысы.
87. Жиынтық сұраныс.Жиынтық ұсыныс.Макроэкономикалық тепе-тендік.
88. Жұмыссыздық себептері және формалары.Қазақстандағы жұмыссыздық жағдайы.Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.
89. Жұмыссыздық және инфляция.Инфляцияның себептері және түрлері.Қазақстандағы инфляция.
90. Экономикалық циклдың жалпы сипаттамасы.Экономиканы циклдық реттеу.
91. Экономикалық өсудің көрсеткіштері және факторлары.Экономикалық өсудің типтері және модельдері.
92. Экономиканы мемлекеттік реттеудің объективті алғышарттары.
93. Мемлекеттік бюджет және оның қаржы жүйесіндегі орны.
94. Экономикалық қатынастар жүйесіндегі салықтар.Бюджеттік-салықтық саясат және оның тиімділігі.
95. Несие-банк жүйесі және оның құрылымы.
96. Ақша-несие саясаты және қағаз ақша айналымының проблемалары.
97. Халық табыстары,олардың қалыптасу көздері.Кедейлік және табыстардың теңсіздік проблемасы.
98. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты.
99. Халықаралық еңбек бөлінісі.Елдің абсолютті және салыстырмалы артықшылықтар теориясы.
100. Халықаралық қатынастардың негізгі формалары.Қазіргі әлемдік шаруашылықтың тенденциялары.
101. Сыртқы экономикалық реттеудің құралдары және механизмі.
102. Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны.
103. Қазақстан экономикасы салаларының дамуы.
104. Бүкіләлемдік сауда ұйымы және оған Қазақстанның ену кезеңдері.

Әдебиеттер тізімі.

I. Негізгі әдебиеттер.

1. «Курс экономической теории». Под редакцией профессора Чепурина М.Н., Киселёвой Е.А., Киров 2000 г.
2. Политическая экономия: Учебно – методическое пособие для преподавателей под редакцией А.В. Сидоровича, Москва, изд-60 МГУ 1993 г.
3. Курс экономической теории: учебное пособие под редакцией А.В. Сидоровича Москва, «Дело и Сервис» 2001 г.
4. «Экономическая теория». Учебник под редакцией В.И. Видяшена, Г. П. Журавлёвой Москва «ИНФА» 1999 г.
5. «Экономическая теория». Учебник под редакцией профессора А.И. Добрынина, профессора Л.С. Тарасевича. Санкт – Петербург «Питер» 1999 г.
6. «Курс экономики». Под редакцией профессора Б.А. Райзберга Москва «ИНФА-М» 2001 г.
7. «Экономическая теория». Пособие для преподавателей под редакцией Н.И. Базылева, С.П. Гурко Минск ООО «Интерпрессервис» 2001 г.
8. Борисов Е.Ф. «Экономическая теория» Учебное пособие Москва, «Юрайт-М» 2000 г.
9. «Экономическая теория» учебник под редакцией В.Д. Камаева Москва «Владос» 1999 г.
10. Самуэльсон П. «Экономика – в двух томах» Москва ИПО «Алгон» 1994 г.
11. Макконел К.Р., Брю С.Л. «Экономика – в двух томах» Таллин 1993 г.
12. Туркебаев «Основы рыночной экономики» учебное пособие Алматы РИК 1993 г.
13. Дорнбуш Р., Фишер С. «Макроэкономика» Москва МГУ 1997 г.
14. «Экономическая теория» учебное пособие под редакцией Аубакирова Я.А., Байжумаева Б.Б. Алматы КазГУ 1999 г.
15. Мамыров Н.К. «Микроэкономика» Алматы 2000 г.
16. «Экономика» учебное под редакцией А.С Булатова Москва 2000 г.
17. Пиндайк Р., Рубиндильд Д. «Микроэкономика» Москва 1992 г.
18. Фишер С., Дорнбуш Р., Шмалензи Р. «Экономика» Москва 1995 г.
19. Хайман Д.Н. «Современная микроэкономика» Москва 1992 г.
20. Самуэльсон П., Нордхауз В. «Экономика» Москва 1999 г.
21. Меньшиков С.М. «Новая экономика» Москва 1999 г.
22. Ховард К. «Экономическая теория» учебное пособие Москва «Юним» 1997г.
23. Козырёв А.В. «Курс экономической теории» Москва 2001 г.

II. Қосымша әдебиеттер.

1. «Экономика». Учебное пособие под редакцией А.И. Архипова. Москва. «Проспект» 2001 г.
2. «Национальная экономическая система». У. Баймуратов Алматы «Галым» 2000 г.
3. «Менеджмент и рынок: Казахстанская модель». Н.К. Мамыров Алматы 1998 г.
4. «Макроэкономика». Ш.А. Смагулова, А.Д. Баспанов Алматы 1999 г.
5. «История экономических учений». Я.С. Ядгаров Москва ИНФРА 2002 г.
6. «Экономика Казахстана». В.В. Парамонов Алматы 2000 г.
7. «Экономика Казахстана на пути к рынку». Т. Ашимбаев Алматы 1994г.
8. «Экономическая политика в период подавления инфляции» Алматы 1996 г.
9. «Приватизация – путь повышения эффективности государственной собственности». К. Бискультанов.
10. «История экономических учений». Р.Я. Левита Москва ИНФРА 2001 г.
11. «Экономическая политика переходного периода на рубеже 21 века». О. Сабденов Алматы 1997 г.
12. «Фирма, рынок, право». Р. Коуз Москва Бизнес-Л 1993 г.
13. «Гражданский кодекс РК» Алматы 2002 г.
14. «Экономическая мысль» Е. Мельбурд Москва Высшая школа 1993 г.

15. К. Маркс, Ф. Энгельс Сочинение 2-издание Москва 1986 г.
16. «Исследования о природе и причине богатства народов» А. Смит Москва 1992 г.
17. «Теория рыночной экономики». Учебное пособие. А. Нурсеит, А. Темирбекова Алматы ОФ «БИС» 2000 г.
18. «Государство и рынок». Учебное пособие. Р. Елемесов, Е. Жатканбаев Алматы «Каржы – Каражат» 1997 г.
19. «Предпринимательство в РК». Учебное пособие. Алматы «Не-ке» 2000 г.
20. «Развитие малого предпринимательства» А.М. Токсанова Алматы «Галым» 1999 г.
21. «Экономические функции государства». Р.С. Каренов Караганда издательство КарГУ 2000 г.
22. Экономические журналы: «Аль-Пари», «Саясат», «Транзитная экономика», Казахстан и его регионы и др.

Мазмұны

Алғы сөз		2
Тақырып 1	Экономикалық теория пәні және әдістері	3
Тақырып 2	Қоғамдық өндірістің негіздері	7
Тақырып 3	Меншік қатынастары. Тауарлы өндіріс	10
Тақырып 4	Нарықтық шаруашылықтың жалпы сипаттамасы. Сұраныс және ұсыныс теориясының негіздері	17
Тақырып 5	Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму эволюциясы	24
Тақырып 6	Өндіріс теориясы. Капитал айналымы және қайта айналымы	25
Тақырып 7	Кәсіпорын табысы және шығындары	28
Тақырып 8	Өндіріс факторларының нарықтары	31
Тақырып 9	Ұлттық экономика: нәтижелер және оларды өлшеу	35
Тақырып 10	Макроэкономикалық тепе-теңдік. Жұмыссыздық және инфляция	38
Тақырып 11	Экономиканың циклдық ауытқулары және экономикалық өсу	44
Тақырып 12	Нарықтық экономикадағы мемлекет. Ақша-несие саясаты	48
Тақырып 13	Қаржы жүйесі	54
Тақырып 14	Макроэкономикалық саясат және оның модельдері	57
Тақырып 15	Дүниежүзілік шаруашылықтың объективті негіздері	60
	Пән бойынша реферат тақырыптары	64
	Әдебиеттер тізімі	68

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 71 бет 5,9 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.